

БАСТАН ҚҰЛАҚ САДАҚА...

НЕМЕСЕ ТРАМПТЫҢ ҚҰЛАҒЫНА ЖАНАЙ ТИГЕН ОҚ ОНЫҢ ПРЕЗИДЕНТ БОЛУҒА МҮМКІНДІГІН АРТТЫРДЫ.

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№29
(1732)
18 шілде
2024 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақжамыт Ақшамы Газеті

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ш.Байманов:

ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТ МҮЛКІНЕ ШЫҒЫН КЕЛМЕЙДІ

Қызылорда қаласындағы «Білім-инновация» лицей-интернатының жанынан салынуы жоспарланған «Қызылорда арена» көпфункционалды кешеніне жер телімін бөлуге қатысты бір топ ата-аналар мәселе көтерген болатын.

Осыған орай Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов лицей-интернат ұжымымен, ата-аналармен арнайы кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



4-бетте

«САБАЛАҚ» КӨМІР ТҮТІНІНЕН ҚҰТЫЛАДЫ...

«Сабалақ» тұрғындарының көгілдір отын мәселесін айтып келе жатқанына көп жыл болды. Қала әкімі Серік Қожаниязов «Сабалаққа» газ барады деп уәде бергеніне 6 айдан астам уақыт өтті. Бірақ та «Сабалақтағыларға» бұл

жарты жыл бірнеше жыл өткен сияқты болды. 6 ай аралығында саяжай тұрғындары өкімшілікке арыз жазып, талай мәрте шу шығарған болатын. Тойғаннан емес, тоңғаннан сөкірген. Бұл әрекеттері әлеуметтік желіге талай мәрте жарияланды. Әрине, олар «көгілдір отынды» көкөсп, газдандыру мәселесінің жедел шешімін тапқанын тілейді. Қалаға қарасты «Сабалақтағы» сан түрлі мәселені көтеріп жүрген тұрғындар бұл күнге де жетті. Ендігі кезекте газ құбырларын тартып, газды қосудың қызу жұмыстары басталды. Ал біз қуаныш пен бастаманың куәгері болдық.

Өткен сенбіде аймақ басшысының тапсырмасымен қала әкімі Серік Қожаниязов саяжай тұрғындарымен кездесіп, жүйелі жобаның жай-жапсарын жеткізді. «АЭС and Limited» ЖШС демеушілігімен 100 млн теңгеге «көгілдір отын» жеткізу жұмыстарының жобасметалық құжаттары әзірленген. Жоба 3 кезеңнен тұрады және оның құны 3 млрд теңгені құрайды.



5-бетте

БУКРОССИНГ КІТАП СӨРЕСІ ҚАЙДА?

2022 жылы қыркүйек айының соңында өткен қала күні мерекесінде қаладағы Өнер Арбаты бойында «Kıtar fest» жәрмеңкесі өтті. Аталған іс-шараға экс-қала әкімі Асылбек Шәменов те қатысты. Сол кездегі жәрмеңкенің басты жаңалығы Букроссинг сөресінің ашылуы болды. Аталған кітап сөресі шет мемлекеттерде танымал. Арбатта қойылған сөре ішіндегі кітаптарды көз-келген оқырман алып, орнына өзі оқыған кітапты салып кетеді. Арада 2 жыл өтті. Қазір бұл Букроссинг сөресі көзге көрінбейді. Қайда кетті? Кім алып кетті?

4 бетте «Кітап оқуды мәжбүрлі түрде бастау керек»



Биылғы жылдың 5 қарашасында кезекті АҚШ Президенті сайлауы өтеді. Негізі бұл сайлаудың ерекшелігі бар. Жалпы америкалықтар үшін 60-шы рет өткелі тұрған бұл жолғы сайлау мерейтойлық десе де болады. Былтырдан сайлауды науқаны басталғалы бері республикашылар мен демократтар өзара бақ сынап, президенттік таққа таласуда. Алайда, АҚШ-та жақында болып өткен сауалнама нәтижесі сайлаушылардың еш партияға қатысы жоқ, тәуелсіз, жаңа үміткерді қалайтынын аңғартты.

Рон Десантис, Вивек Рамасвами, Марианна Уильямсон, Дин Филлинстер айналымнан шығып қалды.

Биылғы жылдың шілдесінің 13-інде АҚШ-тың қазіргі Президенті, әрі алдағы сайлау кезінде Президенттікке үміткер Джо Байденнің негізгі қарсыласы Дональд Трамптың Пенсильвания штатындағы митингісі кезінде оған біреулер оқыс оқ атып, құлағын жаралаған. Өзіне бағытталып, құлағын жанай өткен оқтан бұғып қалғаны болмаса қорқып жатып қалған Д.Трамп жоқ.

Қайта оққағарлар арасынан өре түрегеліп, көзіне көрінбей, өзін көздеп атқан қаскөйлеріне жудырық түйіп, күреске шығамыз» деп ұран тастады. Ұраны текке кетпеді.

Білгіштердің айтуынша үміткердің құлағына тиген оқ оның бұған дейін америкалықтардың «құлағынан теуіп» талай айтқан әңгімелерін ұмыттырып, Президенттікке көрі Байденнен гөрі көрі де болса, күрескер Трамп лайықты дегендердің қатарын көбейтсе керек.

Ал, Трампқа оқ атқан 20 жастағы Т.Круксты құпия қызмет қызметкерлері сахнаға алғашқы оқ атылғанда атып түсіріпті.

КӨБЕЙГЕННІҢ ДЕ, АЗАЙҒАННЫҢ ДА ЕСЕБІ БАР

Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша алдағы 60 жылда, яғни 2080 – шы жылдары жер тұрғындарының саны 10,3 млрд.-ка жетеді екен. Алайда одан кейін адам саны азая бастайды. Мәселен 2100-шы жылы 10,2 млрд.-ка төмендейді. Ресей, Қытай, Жапон, Германия елдерінде адам өсімі тоқтап, тек кемі береді. Ал, АҚШ, Канада, Австралия, Бразилия, Үндістан, Түркия, Пәкістан, Иран, Нигерия елдерінде керісінше адам саны көбейеді. БҰҰ-ның экономика және әлеуметтік мәселелер бойынша департамент сарапшылары осылай дейді.

Негізі әр жыл сайын сарапшылар өз есептерін жаңартып отырады. Биылғы есептері бойынша жер үстіндегі адамдардың саны алдағы 50-60 жылда қазіргі 8,2 млрд. тұрғыннан артады, ал 2080-шы жылдары бұл өсім тоқтайды да бір жиырма жыл ішінде, яғни 2100-шы жылдары 10,2 млрд. болады. Демек сарапшылар бұған дейінгі болжамдарын өзгертті. Олардың бұған дейінгі болжамы бойынша ХХІ ғасырда тұрғындар саны бар болғаны 30 пайызға ғана көбейеді деген еді. Сондай-ақ қазіргі 2100-шы жылға болжамдары бойынша тұрғындар 6 пайызға немесе 700 млн.-ға азайады. Мұндай болжам жасауға әлемнің кейбір ірі елдеріндегі, мәселен Қытайдағы жағдай негіз болып отыр.

Жер шары тұрғындарының 28 пайызға жуығы тұратын 63 елде, оның ішінде Ресей, Қытай, Германия, Жапон елдерінде өсім тоқтайды. Әсіресе Албания, Босния және Герцеговина, Литва, Пуэрто – Рико және Молдова елдерінде тұрғындар алдағы 30 жылда 14 пайызға азаяды.

Сондай-ақ әлем тұрғындарының 10 пайызы тұратын 48 елде таяу жылдары адам саны өседі. 2025 пен 2054 – шы жылдар аралығында тіпті көбейеді. Бразилия, Иран, Түркия және Вьетнам осы елдер қатарында. 126 елде 2054-шы жылдан кейін де адам саны көбейеді. Тіпті 2100-шы жылы шарықтау шегіне жетеді. Өсім одан кейін де жалғаса береді. Бұл елдер қатарында Үндістан, Индонезия, Пәкістан және АҚШ бар.

БҰҰ-ның сарапшылары 2054-шы жылға дейін әлемнің 52 елінде, 2100-шы жылға дейін 62 елінде халық санының өсуіне иммиграция ықпал етеді дейді. Тұрғындары басқа сырт елдерден келетіндер есебінен көбейетін елдер қатарында Австралия, Канада, АҚШ бар.

69 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Биыл Қызылорда облысының 39 ауылдық елді мекенінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберіндегі 69 жобаны жүзеге асыруға 11 млрд. теңге қаралды.

Жыл басынан бері 5,6 млрд теңге игерілді. Атап айтсақ білім саласында 2, денсаулық саласында 1, мәдениет саласында 4, спорт саласында 8 жоба жүзеге асуда.

Мұнан бөлек, электрмен қамту бойынша 14, газдандыру бойынша 1, ауыз сумен қамту бойынша 2 жоба қолға алынбақ. Көлік инфрақұрылымы саласында 35, абаттандыру саласында 2 жоба бар.

Жоспар бойынша 36 жоба биыл аяқталып, пайдалануға берілетін болады. Олар – дәрігерлік амбулатория және медициналық бекетті, 2 спорт кешенін салу, 3 медицина мекемесін күрделі жөндеу, электрмен қамтудың 4, ауыз сумен қамтудың 1, білім беру нысанын күрделі жөндеудің 2 жобасы және көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша 26 жоба.

Қалғаны келесі жылы ел игілігіне табысталады.

ГАЗ БАСҚА ЖАҚҚА КЕТПЕСІН

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында газ саласын дамыту мәселелері талқыланды. Энергетика министрі Алмадам Сәткалиев қазіргі жағдай мен биылға арналған болжамды жоспар туралы баяндады.

Үкімет отырысынан кейін өткен Қызылорда облысы әкімдігінің арнайы мәжілісінде аталған мәселе бойынша аймақтағы жағдай қаралып, жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берілді.

Энергетика министрлігінің 26 маусымдағы №233 бұйрығына сәйкес 1 шілденен бастап сұйытылған газ бағасы өсті. Нақтырақ айтқанда, өңірімізде шекті бөлшек сауда бағасы 1 литр үшін - 70 теңге, ал, облыс орталығынан 200 шақырымнан астам қашықта орналасқан шалғай аудандарда - 75 теңге. Тұтынушыларға арналған баға 9% өссе, газ желісі ұйымдары үшін газ өнділе зауытынан сағып алынатын баға 12% қымбаттады. Қазір облыс аумағындағы 210 автогаз құю бекеті арқылы 25 оператор жұмыс жасайды. Шілде айына аймаққа 6 756 тонна газ бөлінді.

Жиында сұйытылған газдың басқа облыстарға кетпеуін қадағалау, газ құю станцияларының тиісті заңнама талаптарын сақтауына мониторинг жүргізу қажеттігі ескерілді.

Мұнан бөлек, елді мекендерді газдандыру жайы қаралды. Өткен жылдың қорытындысына қарасақ, тұрғындарды табиғи газбен қамту үлесі 75 пайыз болды, 12 елді мекен табиғи газға қосылды. Осылайша газдандырылған ауылдар саны 35-ке жетті. Биыл республикалық бюджеттен 20 жобаға 5,9 млрд. теңге берілді. Бұдан бөлек «Самұрқ-Қазына» акционерлік қоғамы 16 газдандыру жобасын қаржыландыруға 24 млрд теңге бөлі. Жыл соңына дейін 11 ауылдық елді мекен табиғи газға қосылып, «көгілдір отынмен» қамту деңгейін 78 пайызға, газдандырылған елді мекен санын 46-ға жеткізу жоспарлануда.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына газдандыру жобаларын бақылауға алып, жұмыстың мерзімінде және сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету тапсырылды.

АТАУЛЫ ӨЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға көрсетілетін көмектің бірден бір түрі атаулы өлеуметтік көмек болып табылады. Атаулы өлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа кірісі кедейлік шегінен аспайтын отбасыларға тағайындалады. Қазіргі таңда кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына тең, 2024 жылдың III тоқсанына облыс бойынша кедейлік шегі 31379 теңге. Жан басына шаққандағы кіріс атаулы өлеуметтік көмек алуға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда алынған жиынтық кірісті отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу жолымен есептеледі. Адамға (отбасына) атаулы өлеуметтік көмектің мөлшерін уәкілетті орган жан басына шаққандағы орташа кіріс пен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада отбасының әрбір мүшесіне есептегенде белгіленген кедейлік шегі арасындағы айырма түрінде есептейді.

Атаулы өлеуметтік көмек шартты және шартсыз ақшалай көмек болып екіге бөлінеді. Отбасында еңбекке қабілетті адам болмаса шартсыз ақшалай көмек, еңбекке қабілетті адам болса шартты ақшалай көмек түрі тағайындалады. Егер еңбекке қабілетті адам жұмыссыз болса,

жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылады. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының тізбесі:

- 1) кәсіптік оқуға жіберу;
- 2) азаматтар мен қандастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу;
- 3) жастар практикасына жіберу;
- 4) өлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- 5) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу;
- 6) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- 7) қоғамдық жұмыстар.

Атаулы өлеуметтік көмек тағайындалған отбасындағы бір жастан алты жасқа дейінгі әрбір балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (3692x1,5=5538 теңге) қосымша төлем жүргізіледі.

Атаулы өлеуметтік көмекке өтінішті ауылдық округ әкімі, мансап орталығы, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғы арқылы беруге болады.

Сырдария аудандық жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ 5 АЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ НЫСАНАЛЫЖИНАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУЫ

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы шеңберінде «БЖЗҚ» АҚ жалпы сомасы шамамен 1,3 млн АҚШ долларын құрайтын 12 921 өтінішті орындады (уәкілетті операторларға өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін аударылды). Оның ішінде **тұрғын үйжағдайларын жақсарту** мақсатында 686 мыңдай АҚШ долларына 6 842 өтініш, **білім беру ақысын төлеу үшін** шамамен 610 мың АҚШ долларына 6 079 өтініш орындалды. Бұл ретте нысаналы жинақтарды алушы өзіне тиесілі барлық соманы да, оның бір бөлігін де пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған соманы қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Естеріңізге сала кетейік, бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық табысының 50% мөлшері жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған Қазақстан Республикасының азаматы-балалары арасында бөлінеді. 2024 жылғы ақпанда 2023 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ-да барлық балаларға алғашқы нысаналы талаптар есептелді, ал 2024 жылы 18 жасқа толған азаматтардың НЖШ-на нысаналы жинақтар есептеліп, төлемдер жүзеге асырыла бастады.

НЖШ-дағы қаражат тұрғын үй жағдайларын жақсарту және БЖЗҚ-мен тиісті келісімдер жасасқан уәкілетті операторлар арқылы білім алуға ақы төлеу мақсатында пайдалануға арналған және АҚШ долларында сақталады. Көмелетке толғаннан кейін нысаналы жинақтарды алушылар оны көрсетілген мақсаттарға пайдалана алады.

Тұрғын үйге арналған нысаналы жинақтарды пайдалану жөніндегі уәкілетті операторлар «Отбасы банкі» «тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, ал білім алуға - «Отбасы банкі» «тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ және «Қазақстан Халық банкі» АҚ болып табылады.

Тұрғын үйді жақсарту Шымкент қаласының тұрғындары (103,8 мың АҚШ долларынан астам

сомаға 1034 өтініш орындалды), екінші орында - **Қызылорда облысының** тұрғындары (83,6 мың АҚШ долларынан астам сомаға 832 өтініш орындалды), үшінші орында - **Шығыс Қазақстан облысының** тұрғындары (46,8 мың АҚШ долларынан астам сомаға 466 өтініш орындалды).

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына салымды толықтыру (660 мыңға жуық АҚШ долларына 6582 өтініш орындалды), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) - 8,3 мыңдай АҚШ долларына 83 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізуге 7,3 мың АҚШ долларынан астам сомаға 73 өтініш орындалды.

Білім алу ақысын төлеу мақсатында Білім алу ақысын төлеу мақсатында **Шымкент қаласының** тұрғындарынан (96,2 мыңға жуық АҚШ долларына 958 өтініш), екінші орында - **Жетісу облысының** тұрғындарынан (621 мыңдай АҚШ долларына 621 өтініш), үшінші орында - **Жамбыл облысының** тұрғындарынан (60,4 мыңдай АҚШ долларына 603 өтініш) түскен өтініштер орындалды.

Бұл ретте осы бағыт бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (500,1 мыңнан астам АҚШ долларына 4 986 өтініш орындалды), білім беру жинақтау қорын білім беру жинақтау салымды туралы шарт бойынша (80,8 мыңдай АҚШ долларына 805 өтініш орындалды) толықтыру, шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (20,8 мыңнан астам АҚШ долларына 208 өтініш орындалды) болды.

Жыл сайын жоғарыдағы қаражат Ұлттық қордың өсуі және инвестициялық кіріс алу есебінен ұлғаятын болады. Бұдан басқа, есептелген қаражат Ұлттық қор активтерінің құрамына инвестициялауды жалғастыруда және Бағдарламаға қатысушы балаларға олар 18 жасқа толғанға дейін қосымша инвестициялық кіріс өкеледі.

Естеріңізге сала кетейік, бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны 01.01.2024 ж. - **6 919 131** бала (01.01.2006 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейін туған балалар). Оның ішінде **304 815** қатысушы 2024 жылы 18 жасқа толады (01.01.2006 ж. бастап 31.12.2006 ж. дейін туған балалар). Бұлардың барлығына **100 АҚШ доллары 52 цент** мөлшерінде бірдей нысаналы талап сомасы есептелген.

Баланы нысаналы талаптарға қатысушылардың тізіміне енгізу туралы ақпаратты ата аналар немесе көмелетке толмаған тулғаны басқа да заңды өкілдері баланың ЖСН бойынша **kids.enpf.kz** сайтында тексеріп, бағдарламаның шарттарымен, нұсқаулықтармен танысып, қызықтырған сұрақтарға жауаптар ала алады. Мұны қалай жасау керектігі туралы толық нұсқаулық БЖЗҚ ЕНПФ YouTube арнасында орналастырылған.

Сондай-ақ, әрбір балаға есептеулер туралы деректерді ата аналар **egov.kz** порталындағы жеке кабинетте тексере алады.

2024 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтар БЖЗҚ интернет-ресурсында және (немесе) «электрондық үкіметтің» веб-порталында жеке кабинет арқылы НЖШ-на қаражаттың түсуін өз бетінше тексере алады.

Жас мөлшері, республиканың өңірлеріне бөлінісіндегі есептеулер бойынша статистикалық есептер **enpf.kz** сайтында орналастырылады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісінде нысаналы жинақтарды төлеу туралы толық ақпаратпен **enpf.kz** сайтында танысуға болады.

ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНА ЖЫЛУДЫ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу бойынша жылу энергиясымен қамтамасыз ететін субъектілердің - «Қызылорда жылу электрорталығы» МКК, «Қызылорда жылу электрорталығы» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы, «Теміржолсу-Қызыл-Орда» ЖШС, «Туған ел келбеті» ЖШС есептеулерін қаралды.

Мәселен, жылыту кезеңінде жеткіліксіз жылу беру фактілері анықталды, бұл реттешоттар тұрғындармен төленіліп қойылған. Осыған орай, жоғарыда аталған кәсіпорындар тұрмыстық тұтынушыларға қаражатты қайтару үшін төлемдердің сомасын азайту керек.

Жүргізілген қайта есептеу нәтижесінде тұтынушыларға қайтарудың жалпы сомасы ҚҚС есебінмен 38 588 600 теңгені құрады, оның ішінде:

- «ҚЖЭО» МКК бойынша - 37 017 270 теңге;
- «ҚЖЭО» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы бойынша - 707 850 теңге;
- «Теміржолсу-Қызыл-Орда» ЖШС бойынша - 8 320 теңге;
- «Туған ел келбеті» бойынша - 855 160 теңге.

Мұндай қайта есептеу есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін есептелінеді.

Нәтижесінде соманы қайтару 2024 жылғы қазан айындағы түбіртектегі төлемді азайту арқылы жүзеге асырылады.

Анықтама телефоны: 8 724 2 26 37 98.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.

«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЛҚАПТАРЫН БІР ТҮРДЕН ЕКІНШІ ТҮРГЕ АУЫСТЫРУҒА ТҮПКІЛІКТІ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері: «Электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: Күнгізбелік 30 (отыз) күн.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізібесі:

- 1) «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру туралы өтініш
- 2) мыналарды ауыстырған кезде: құндылығы аз ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге және бағалырақ түрге - аудандар мен қалалардың ауыл және су шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдарының қорытындылары мен ұсыныстары бар түсіндірме жазба; суарылмайтын егістіктерді ауыл шаруашылығы алқаптарының басқа құндылығы аз түрлеріне - ауыл және су шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісуші облыстық уәкілетті органдардың қорытындылары мен ұсыныстары бар түсіндірме жазба;
- 3) ауыл шаруашылығы алқаптарының бір түрден екіншісіне ауыстыруға белгіленген жерлердің экспликациясы;
- 4) басқасына ауыстыру белгіленген ауыл шаруашылығы алқаптарының орналасқан жері, олардың алаңдары, пайдалану түрі, ауыстыру себебі көрсетілген далалық зерттеп-қарау актісі және келісуші мемлекеттік органдар бөлімшелерінің өкілдері мен осы жерлердің барлық мүдделі уәкілетті жер пайдаланушылары (иеленушілері) кол қойған, басқа түрге ауыстыруға белгіленген ауыл шаруашылығы жерлері көрсетілген далалық зерттеп-қарау сызбасы;
- 5) жер учаскелерінің сапалық сипаттамасы;
- 6) суару желісінің, жайылма суару жүйесінің, суландыру құрылыстарының техникалық жай-күйі, сондай-ақ негізгі қорлардың құны туралы мәліметтер;
- 7) жер учаскесі әуеайлақ маңындағы аумаққа орналасқан жағдайда, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларына сәйкес берілетін рұқсат.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Көрсетілетін қызметті берушінің ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру туралы шешімі не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжі жауап.

Өтінішті «Халыққа қызмет көрсету орталығы» мемлекеттік корпорациясындағы немесе Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі ғимаратында орналасқан «Сервистік әкімдік» бөлмесіндегі «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрыштары арқылы беруге болады.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

- 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін ұсынылған қажетті деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұранымға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы;
- 4) осы елді мекенде жайылманы тапшылығы болған жағдайда, жайылмаларды егістікке ауыстыруға тыйым салынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар: Көрсетілетін қызмет алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинетті», сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі

ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН КҮРЕС-ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Бұл кесел біздің жас мемлекетімізге орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті түрі паракорлық, жең ұшынан жалғасып қоғамды жеті құрттай жуей. Сыбайлас жемқорлықтың зардаптарының бірі демократияның дамуына және қоғамға кері әсер ете отырып, заңға деген неғарыс кері қалыптастыру.

Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың нысанасы екі негізгі мақсатқа бағытталған: бірінші кішкентай кезінен бастап ұлттық дәстүрлі ескере отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, екінші мемлекеттік органдар қызметін қоғамдық бақылауды дамыту.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақ-

тылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықпен жан жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ісін қайта қалпына келтіру қажет. Бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс. Алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр, талай сын кезеңдерден өтуге тура келеді және сапалы нәтижеге қол жеткізуіміз қажет. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек» - деген еді.

«Ақмая ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ОҢ ӨЗГЕРІС БАЙҚАЛДЫ

2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша отандастарымыздың БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарындағы зейнетақы активтері **19,2 трлн теңгеден** асып, жыл басынан бері 5 ай ішінде 1,4 трлн теңгеге (немесе 7,7%) өсті. Зейнетақы жинақтарының жылдық өсімі **3,4 трлн теңгеден** асты (немесе 21,5%).

Жалпы зейнетақы қоржынында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақ 96% асады. Оның көлемі бір жылда 21% ұлғайып, 2024 жылғы 1 маусымға шамамен **18,6 трлн теңге** болды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары **601,7 млрд теңгеден** асты (бір жылдағы өсім - 21,5%). 2023 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда 45,6% ұлғайған ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша шоттарда шамамен **6,2 млрд теңге** жинақталды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 5 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы **77,5 млрд теңгеден** асты.

Кіріс ағындары
Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2024 жылғы қаңтар-мамырда салымшылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналары 1 трлн теңгеден асты (өсім өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 29,2% немесе 244 млрд теңгеге артық).

Төлемдер мен аударымдар
2024 жылдың 5 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен

сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары **367,3 млрд теңгеден** асты. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі төлемдер көлемінен 195,4 млрд теңгеге (немесе 113,6%) жоғары.

151,5 млрд теңге - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ).

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен **81,6 млрд теңге**, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 36% жоғары.

Сондай-ақ, осы кезең ішінде мұрагерлік бойынша төлемдер - **23,7 млрд теңге**, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер - **14,3 млрд теңгеден** астам, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер - **1,3 млрд теңгеден** астам, жерлеуге төлемдер - шамамен **4,2 млрд теңге** көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына **90,7 млрд теңгеден** астам сома аударылды.

ЖЗШ саны
2024 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны 16,1 млн. бірліктен асты. Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2024 жылдың 1 маусымына 12,3 млн бірлікке тең. Оның ішінде: 11 млн - МЗЖ бойынша, 681,4 мың - МКЗЖ бойынша, 416,7 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - шамамен **3,8 млн бірлік**.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер **enpf.kz** сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

| | | | | |
|-----------------------------------|--------------------------------|-------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------|
| МЕНШІК ИЕСІ: | Редакцияның мекен-жайы: | (E-mail: a_akshamy@mail.ru) | ТАРАЛЫМЫ: 4000 | Газет бетіндегі жарияланымдардың |
| «Желтоқсан и К» ЖШС | Қызылорда қаласы | Газет Қазақстан Республикасы | Газет редакцияның компьютерлік | позициясы мен фактілері үшін |
| Бас редактор | Абай даңғылы, 59/1 | Байланыс және Ақпарат Агенттігінде | орталығында теріліп, беттелді. Газет | редакция жауап бермейді. |
| Сәрсенкүл Бәйдешқызы | | тіркеліп | Қызылорда қаласындағы | Қолжазбалар өңделеді және |
| БИҚОЖАЕВА | | №14611-Г «7» қараша | «PRINT» баспаханасында | авторларға қайтарылмайды. |
| Бас редактордың орынбасары | Телефон: 23-16-08 | 2014 жылы күәлігі берілген. | басылды. | Газет материалдарын көшіріп басу |
| Айдана ӘЛИАРЫСТАН | 23-16-11 | Алғашқы есепке қою кезіндегі | Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, | үшін міндетті түрде редакцияның |
| | | нөмірі мен мерзімі | А. Байтұрысов көшесі, №49 | рұқсаты керек. |
| | | №1026-Г - 11.01.2000 ж | Таралу аумағы: | Сурет сапасына редакция жауап |
| | | Газет аптасына бір рет жарық көреді | Қазақстан Республикасы | бермейді |
| | | | Тапсырыс | |

"ҚАРАЖАТТЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ЖҰМСАЛАДЫ"

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Қазақстан Халық партиясы» фракциясының депутаты Гаухар Танашевамен кездесті.

Кездесуде өңірде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды. Аймақ басшысы атқарушы органдар саяси ұйымдармен тығыз жұмыс жасап, олардың бастамаларына әрдайым қолдау көрсететінін атап өтті.

«Аймақта Президентіміздің, Үкімет басшысының, Парламенттің қолдауымен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, инфрақұрылым объектілерін жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар іске асырылуда. Облыс бюджеті 708 млрд. теңгеден асты. Бар-жоғы екі жылдан сәл астам уақытта 236,8 млрд. теңгеге немесе 53,7 пайызға ұлғайды. Ауқымды қаражаттың басым бөлігі халықтың жайлы тұрмысын қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық жобаларға жұмсалуда. Бюджетті жоспарлауда әлеуметтік бағытқа басымдық берілген.

2022 жылы өңір өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқыны бойынша республикада 11-орында болса, өткен жылы 1-орынға көтерілді.

Мемлекеттің ерекше қолдауы құрылыс саласының дамуына жаңа қарқын қосты. Өткен жылға бөлінген қаржы 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 есе артып, 87,1 млрд. теңге болған еді. Биылға қаралған қаржы бұрын-соңды бұл салада болмаған деңгейге, яғни 119,3 млрд. теңгеге жетті. Осы сияқты әр саладағы серпінді жұмыстар тоқтаусыз жүргізіле берсін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Гаухар Шаймерденқызы облыс басшысының бастамаларына сәттілік тіледі. Бүгінде атқарушы органдар саяси партиялармен, оның ішінде «Қазақстан Халық партиясы» облыстық филиалымен тығыз байланыста. Филиалға 6 мыңнан астам адам тіркелген. Облыстық мәслихатқа «Қазақстан Халық партиясынан» 1 депутат сайланған.

ӘКІМ ҚАБЫЛДАУЫНА АҚЫН КЕЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға келген 12 тұрғынның көтерген мәселелерінің қатарында үй алу, жол, жарықтандыру, жұмысқа орналасу және кәсіп жүргізу мәселелері бар.



Мәселен, баспана алу жайын қозғаған 48 жастағы қала тұрғынына кезегі жақындағаны және үйді жыл аяғында алатыны түсіндірілді. Сондай-ақ, Хангельдин көшесіне электр жарығын жүргізуді сұраған тұрғынға да бұл мәселе жақын арада шешімін табатыны айтылды. Бүгінде көше жарығына бюджеттен тиісті қаржы қарастырылып, қыркүйек айында жарық жүргізіледі деп жоспарлануда.

Қабылдауға келген жалғызбасты ана «бауыр циррозы» диагнозымен есепте тұр. 15 жастағы қызына ота жасауға қаржылай көмек сұрады. Жеті жылдан бері күткен донор табылған, енді емдеу шараларына қомақты қаржы қажет. Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға көмек көрсетіледі тапсырды.

Қабылдауға келген «Қазақ радиосының үздігі», Шиелі ауданының Құрметті азаматы, белгілі ақын Қатирә Жәленова да Нұрлыбек Машбекұлына өңірдің руханият саласын өркендетуге қатысты бірқатар ұсыныс айтты. Оның ұсыныс-пікірлері алдағы уақытта зерттеліп, қаралатын болады.

Тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірінші базасы немесе әкімдікке келіп қатыса өтініш тастау арқылы жазыла алады.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы талқыланды.

Аймақ басшысы Президент тапсырмасымен жүзеге асырылатын ұлттық жобаны мерзімінде аяқтаудың ерекше маңыздылығын атап өтті.

«Мектептерді сапалы етіп салып, дер уақытында аяқтау – бәрімізге ортақ абырой. Бұл білім ошақтарының пайдалануға берілуін халық асыға күтуде. Сол жағалаудағы 900 орындық, Арал қаласындағы және Жаңақорған кентіндегі 600 орындық мектептерді 1 қыркүйекке дейін оқушылар игілігіне беруіміз қажет. Қалған 7 мектепті қараша айына дейін салып бітіру – біздің басты міндетіміз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жынында жауапты тұлғалар мен мердігер мекеме басшылары құрылыс барысын баяндады. Облыс әкімі барлық жұмыс бекітілген кестеге сай әрі сапалы жүргізілуі тиіс екенін ескертті.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Өткен жылы 6900 орындық 10 мектептің құрылысы басталса, биыл 5400 орындық 11 мектеп құрылысы басталады деп күтілуде. Қызылорда облысының әкімдігі мектептерге инфрақұрылым жеткізуге жергілікті бюджеттен 118,4 млн. теңге бөліп, жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Сараптама қорытындысы алынды. Инфрақұрылым жүргізуге бюджеттен 1,7 млрд. теңге бөлініп, 7 мектептің құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды.

ТҮРЛІ – ТҮРЛІ ҰСЫНЫС АЙТЫЛДЫ

Президентің кеңесшісі Ернар Баспаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде еліміздегі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын және «Таза Қазақстан» республикалық акциясын іске асыру барысы талқыланды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Өткен жылы 6900 орындық 10 мектептің құрылысы басталса, биыл 5400 орындық 11 мектеп құрылысы басталады деп күтілуде. Қызылорда облысының әкімдігі мектептерге инфрақұрылым жеткізуге жергілікті бюджеттен 118,4 млн. теңге бөліп, бүгінгі күнге жоба-сметалық құжаттары әзірленді, сараптама қорытындысы алынды. Жергілікті бюджеттен 1,7 млрд. теңге қаржы бөлініп, 7 мектептің құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде барлық елді мекенде бес кезеңнен

тұратын «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» апталықтары ұйымдастырылды. Аймақ жұртшылығы белсене қатысқан акция қазіргі



уақытта жалғасын табуда. Жыл соңына дейінгі іс-шаралардың жоспары бекітілген.

Қызылорда қаласында демеушілік есебінен 1 млрд. 100 млн. теңгеге 28 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи

ҚАН КЕРЕК БОЛСА ҚАН БЕРЕМІЗ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова және Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаевпен бірге сол жағалаудағы Қан орталығына барды.

Орталықтың іргетасы өткен жылдың тамыз айында қаланған болатын. Мұнда жылына 5000-10000 адамға қызмет көрсетіледі. Денсаулық сақтау саласындағы өзіндік орны бар мекемеге жеке ғимарат салу маңызды әрі ұтымды шешім, тұрғындар саулығын сақтау және қорғау бағытындағы нақты іс-шараның бірі.

Нысан жақын күндері пайдалануға берілімек. Сондықтан жоспарланған жұмыс уақытылы әрі сапалы атқарылуы тиіс.

Нұрлыбек Машбекұлы мен Ақмарал Шәріпбайқызы көпбейінді аурухана құрылысымен де танысты.

Наурыз айында құрылысы басталған үш қабатты ғимаратты «SHEBERBUILD» ЖШС 2025 жылдың соңында ел игілігіне табыстайды.

Айта кетейік, биыл аймақ медицинасына 140 млрд. теңге бағытталды. Салада жаңа, ауқымды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасымен басталған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы қарқын алды. Ұлттық жоба аясында 11 млрд. теңгеге 27 нысан салынууда. Өткенжылы елді мекендерде 15 жаңа дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ашылды, бүгінде барлығы ел игілігі үшін қызмет етуде. Қалған 11 нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

«Ауыл-ел бесігі» бағдарламасымен Қызылорда қаласының Досан елді мекенінде жаңа медициналық бекет, Баймұрат батыр ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория ашылды. Көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық



бөлім жұмысын бастады. Облыс орталығында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүруде.

Жаңақорған ауданы Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік ауылдық аурухана салынууда, 8 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылады.

Жақын күндері Жаңақорған ауданындағы көпбейінді аудандық орталық аурухана базасында, жыл соңына дейін Арал ауданында «Қамқорлық» оңалту орталықтары ашылады.

Аймақтың медицина саласын дамытуға бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қорымен тұрақты әріптестік байланыс орнатылып, соңғы екі жылда бөлінген 2 млрд. теңгеден астам

қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылды, аса қымбат дәрі-дәрмек алынды.

Қор облыстық онкология орталығына еліміздегі 3 өңірде ғана бар (Қызылорда, Ақтөбе облыстары, Алматы қ.), 1 млрд. 100 млн теңгенің жылжымалы медициналық кешенін сыяға тартты.

Мамандардың біліктілігін арттыру да назардан тыс қалған емес. Биыл 10 реаниматолог, 5 кардиолог Түркиядағы жетекші клиниканың бірі «Мемориалда» білім жетілдірді.

2022 жылы халықтың сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз автокөлікпен қамтамасыз етілді. Өткен жылы басқа да медицина мекемелеріне 513 млн. теңгеге 25 санитарлық автокөлік табысталды. Тағы да 200 автокөлік алынды.

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы қайта жаңғырту жобаларымен танысты.

Биыл қала көшелерін, көпқабатты тұрғын үй аулаларын абаттандыру үшін облыстық бюджеттен 12,7 млрд. теңге



Алдымен Ш.Есенов көшесіндегі орташа жол жөндеу жұмыстарын көрді. Биыл қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 41,2 млрд. теңге бөлінді. Қаржы 227 шақырым болатын 206 көшені қайта жаңғыртуға, күрделі және орташа жөндеуден өткізуге бағытталған. Бүгінде 95 көше жөндеуде.

Нұрлыбек Машбекұлы Желтоқсан көшесіндегі жылу трассасын жөндеу жұмыстарын көрді. Бас мердігер «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС магистральдық жылу желілерін жаңғыртуда. Жоба құны 787 млн. теңгеге жуық.

қаралды. «Қорқыт Ата» әуежайының аумағын көркейту, қала, кент пен ауылдық округтердің 75 көшесіне жарық бағаналарын орнату, 59 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу жоспарланған. Құрылысы өткен жылы бастау алған 19 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы жұмыстарды аяқтау үшін 237 млн. теңге бөлінген. Тағы 25 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы ойын алаңдарын күрделі жөндеу үшін облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге қаралған. Бұған қоса 215,8 млн. теңгеге 4 көппәтерлі тұрғын үйдің ауласы жөндеуде.

Облыс орталығына 10 заманауи аялдама салу үшін 52,5 млн. теңге қаралып, толығымен орнатылды. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шеңберінде 332,6 млн. теңгеге көшелерге науа тарту, орталық зиратты қоршау, көппәтерлі үйлерді абаттандыру қолға алынды.

Қаланы көгалдандыру үшін құрылған «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне биыл 702,2 млн. теңге қаржы берілді.

Көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарымен танысқан аймақ басшысы барлық істі сапалы атқарып, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Жаңақорған ауданында демалыс паркі, Сырдария ауданы, Нағи Илиясов ауылында «Еңбекшілер паркі» пайдалануға берілді. Қармақшы ауданы, Жаңақол ауылында Орталық алаң және Жалағаш ауданы, Таң ауылында көшелер абаттандырылып, жарықтандырылды.

Облыстық бюджеттен бөлінген 800 млн. теңгеге 17 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары, 200 млн. теңгеге жуық қаржыға 14 спорт-ойын алаңы салынып, 7 ойын алаңы жөндеуден өткізілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасын табады.

Демеушілер облыс орталығындағы 63 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысанның қасбетін заманауи үлгімен әрлеуде. Аудандарда да көшелер абаттандырылып, ойын алаңдары мен скверлер салынууда.

Қызылорда қаласының көшелерін, аулаларды абаттандыруға облыстық бюджеттен 12 млрд. 700 млн. теңге бөлінген.

Экологиялық акцияны жалғастыру үшін коммуналдық қызмет мекемелерін жаңа техникамен қамтамасыз етудің маңыздылығы

ескерілген. Өткен жылдан бері «Үлгілі елді мекен» конкурсын ұйымдастыру дәстүрге айналды. Конкурс үздіктеріне күнделікті тұрмысқа қажетті 29 арнайы техника табысталды. Биыл 436 млн. теңге бөлініп, 19 техника алынууда.

Жыл соңына дейін Қызылорда қаласындағы коммуналдық мекемелерге (КРЭК, ТЭЦ) 15 абаттандыру мекемелеріне («Қызылорда тазалығы», «Жасыл Қызылорда», «Қызылорда су жүйесі») 67 арнайы техника алынады. Бұған қоса облыс орталығында және барлық ауданда «Үздік аула» дәстүрлі конкурсы өткізілуде.

Тазалық шараларын бір реттік науқанға емес, өмір салтына айналдыру, яғни жұмыстарды сапалы әрі тыңғылықты орындау өте маңызды. Осы орайда іске қосылған «Таза Қазақстан» онлайн платформасы Қызылорда облысында жұмыс жасауда. Салалар бөлінісіне қарай бекітілген операторлар, модераторлар мен орындаушылар тұрғындардан түскен өтініштерді уақытылы қарап, тиісті шара қабылдауда.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ш.Байманов:

ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТ МҮЛКІНЕ ШЫҒЫН КЕЛМЕЙДІ

Біріншіден, бұл жер телімі мемлекет меншігінде. «Білім-инновация» лицей-интернатының жалпы аумағы – 4,6 гектар, спорт кешеніне қажетті жер көлемі – 2,1 гектар. №9 (244 оқушы) және №10 (239 оқушы) лицейлердің жобалық қуаты 500 орын, яғни осынша оқушыға арналған. Елімізде «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер» ережелер жинағы қолданылады. (ЕЖ 3.01-101-2013). Осы ережеге сәйкес оқушы саны 500 және одан көп болған жағдайда жер 1 оқушыға 40 шаршы метрден кем болмауы керек. Лицей-интернаттың 500 оқушысына 2 гектар жер тиесілі болуы тиіс. Кешенге бір бөлігі алынғаннан кейін қалған 2,5 гектар жер лицей қажеттілігін толық қамтамасыз етеді. Қолданыстағы заңнама талаптары еш бұзылмастан сақталады. Ең бастысы, салынатын көпфункционалды кешен лицейдің оқу-тәрбие процесіне, білім сапасына әсер етпейді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне» сәйкес келеді. Стандарт бойынша білім нысанындағы спорт залы дене шынықтыру пәнінің өтуіне жеткілікті, сыртқы спорт алаңының болуы талап етілмейді.

Екіншіден, ата-аналардың алаңдаушылығын тудырған мәселе қазіргі қолданыстағы оқушылардың сабақтан бос уақытта серуендеп,

тынығуы үшін лицей түлектері есебінен салынған шағын спорт алаңы, беседка, орындықтар ғимараттың артқы жағындағы бос алаңқайға көшіріледі яғни, мектеп мүлкіне ешқандай материалдық шығын келтірілмейді.

Үшіншіден, салынуы жоспарланған «Қызылорда арена» – түрлі бағыттағы шараларды өткізуге арналған көпфункционалды кешен. Бұл нысан қаланың қарқынды дамып келе жатқан жаңа орталығы Сұлтан Бейбарыс кешенінде орналасады. Жоғарыда атап өткендей, құрылысқа қажетті жердің жалпы аумағы – 2,1 гектар. Ғимараттың жалпы алаңы 14 000 шаршы метр, 3 қабатты болады.

Кешенде 2 000 көрерменге арналған әмбебап арена, 50 метрлік олимпиадалық стандартқа сай бассейн және сыйымдылығы 600 көрерменге арналған зал, жекпе-жек жаттығу, құрылтай өткізетін және хореография залдары қарастырылған. Сонымен қатар аренаның инфрақұрылымдық жүйелері мен автотұрақ мәселесі де оңтайлы шешіледі. Бұл бюджет есебінен жұмсалатын қаржыны да үнемдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда кешеннің жобасметалық құжаттамасы дайындалуда.

Төртіншіден, бұл жер бұған дейін 10 жылдан астам уақыт игерілмей, бос жатты. Осы орынның таңдалуының басты себебі – «Саяхат», «Сырдария», «СПМК-70» мөлтек аудандары, Тасбөгет кенті, Ақсуат ауылдық округі мен «Сабалақ» саяжайы жақын. Аталған мөлтек аудандар тұрғындарын спорттық нысанмен қамтамасыз ету, шалғайдан қала орталығына қатынап,



үйірмелерге қатысатын мектеп жасындағы 30 мың оқушының мәселесі осылайша тиімді шешіледі. Өңірдің ауа райы ерекшелігін ескеретін болсақ, қысы суық, жазы ыстық Қызылорда қаласы үшін бұл кешен тұрғындар мен балаларға жайлы орта қалыптастыратыны сөзсіз.

Айта кету керек, кешеннің лицей ғимараты жанында орналасуы оқушылар

мен білім ошағы ұжымына да тиімді. Себебі, алдағы уақытта спорттық, мәдени-көпшілік шараларды осы кешенде тегін өткізуге мүмкіндік беріледі.

Сонымен қатар қазіргі таңда облыс көлемінде тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру мақсатында саябақтар мен аллеялар, скверлер, спорттық нысандар жаңғыртылып, абаттандырылуда.

Ә.Тәжібаев атындағы обыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының орынбасары Айгүл Жангабылова:

КІТАП ОҚУДЫ МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ БАСТАУ КЕРЕК



Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген өз сөзінде: «Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Біз, ең алдымен жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз», - деген болатын. Күні кеше Үкімет қаулысымен Қазақстанда - 23-сәуір-Ұлттық кітап күні болып бекітілді.

Жыл сайын Қызылорда қаласында қала күніне орай «Kıtar Fest, Kıtar Time» атты кітап көрмелерінің фестивальдары өтіп тұрады.

Ақпараттық технологияның қарқынды дамып отырған қазіргі заманында көз көлген адамның әр түрлі салада, қалаған тақырыпта әр бағытта ақпаратпен хабардар болуына ешқандай кедергі жоқ екендігі еш шүбәсіз. Интернет көрек пе, электрондық пошта көрек пе өз қалауымен пайдалана бер! Қазір тіпті, кітапты да интернет арқылы оқуға жағдай жасалған. Сонда жастың жатып оқитын кітаптың заманы біткені ме, «жанды кітап оқитындардың соңғы буыны біз бе?» деп те ойланғы қаласың. Жалпы қазіргі адамның кітап оқуға құлшынысы қалай немесе оған уақыты бар ма? Осы тақырып төңірегінде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап

ғылыми кітапханасы басшысының орынбасары Жангабылова Айгүлмен сұхбат құрдық.

- Көп адамдар кітап оқудың жақсы екенін білсе де, оны оқуға дағды жоқ. Сылтау да көп оған. Сіздің ойыңызша кітапты тұрақты оқуға дағдыны қалай қалыптастырған дұрыс?

- Бұл ретте ата-ананың рөлі өте жоғары. Ата-ана ең бірінші өзінен бастауы керек деп ойлаймын. Баланы кітап оқуға қызықтыру үшін құр ақыл айту жеткіліксіз. Оған кітап оқы деп, өзіңіз смартфоннан видео көріп отырсаңыз, бала сізге сенбейді. Ата-ана – баланың өміріндегі ең басты ұстазы. Балалар ата-анасын тыңдағаннан гөрі, оларға еліктегенді ұнатады. Баланың күніне бір мезгіл көңіл бөліп, оқысаңыз – жеткілікті! Сондықтан ата-ана өзі де кітап оқып, үлгі болуға тиіс.

- Баланы қанша жастан кітап оқуға баулыған жөн? Әсіресе, қазақшаға тілі шорқақ балаларды қалай кітапқа қызықтыра аламыз?

- Баланың 1 жасынан бастап ата-ананың дауыстап оқығанын тыңдап, дамуға арналған кітап-ойыншықтың беттерін бірге ауыстырып, әрбір суреттерге жеке тоқталып, мұқият тыңдап, сөздерді есте сақтап, кітаптағы суреттерді талқылап, кітап жайлы пікірлерімен бөлісуі керек. Бұның бала тілі де таза болып қалыптасуына әсері зор.

Көрнекті жазушы Оралхан Бөкей бір сөзінде: «Адамға ауа қандай қажет болса, кітапхана да сондай қажет» деген еді. Ұлттың рухани азығы болып табылатын асыл мұраларымыз жинақталған кітапхананың бүгінгі қоғамда алар орны ерекше. Иә, қанша жыл, тіпті қанша ғасыр өтсе де, асыл кітаптарымыз біздің құнды дүниеміз болып қала бермек. Келешек ұрпақ

та тек кітап нәрімен сусындап, білім алатыны анық. Еліміздің әр қала, аудан және ауылдық округтерінде асыл мұрамызға толы кітапхана саны да жетерлік. Сондай-ақ сол кітапхана ішіне көрік беріп, қалың оқырманын қуана қарсы алатын кітапханашыларсыз кітапхананы елестету мүмкін емес. Бүгінгі өскелең жастарды білімге шақыру жолында олардың еңбегі ерен.

- Оқитын кітапты қалай таңдаған жөн?
- Балаға кітап таңдау айтарлықтай жауапты іс. Ата-ана өз баласына кітап таңдаған кезінде өте мұқият болуы шарт. Ең бастысы кітап баланың жасына сай болғаны абзал. Ал егер кітапты кітапханадан алатын болсаңыз, кітапханашы, кәсіби маман болғандықтан баланың жасы мен дамуына сай кітапты таңдауға көмектеседі. Кітапханашылар тек пайдалы кеңестер беріп қана қоймай, кітаптар туралы әңгімелескенді, кітаптың құндылығы мен маңыздылығы жайлы ақпарат бергенді жақсы көреді, сондықтан кітапханашыдан сұрағанның оң жақтары өте көп.

- Қазір кітап оқығаннан телефонға телмірген адам көп. Осы ретте, кітапқа деген ынтаны қалай арттыра аламыз? Қандай өзгеріс жасау керек?

- Меніңше кітап оқуды мәжбүрлі түрде бастау керек. Мектеп, ЖОО, мекеме қызметкерлері, т.б. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы өңірде кітапхана ісін дамыту мақсатында жаңа бастама қолға алды. Жұмысы қат, уақыты тапшы оқырманға кітапхана қызметтері қолжетімді болуы үшін жұмыс уақыты ұзартылды. Жұмыстан кейін кітапханаға келіп, кітап, газет-журнал оқуға мүмкіндік бар. Түнгі кітапхана оқимын, ізденемін деген кез келген адамға

қарапайым жеңіл жазылған кітапты таңдайтындар көп. Бұл тұспалдап, астарлап терең сөйлейтін қазақ халқының рухани жағынан әлсіретіп жібермей ме?

- Өрине, әлсіретеді. Әрбір ата-ана өз перзентіне ең жақсыны қалайды. Бала өмірде жетістікке қол жеткізу үшін сауатты, білімді, ақпаратқа толы мына әлемде өзіне-өзі сенімді, өзін еркін сезінетін, еркін сөйлейтін тұлға болып қалыптасқанын қалайды. Алайда, оқымаса, жаттамаса қайдан қалай жетістікке жетеміз? Сол үшін әр қайсымыз өзімізден бастауымыз қажет. Балаларымызға өлең, жыр, дастан жаттатып, дағдыландырып абзал.

- Миға трансформация жасағысы келетіндердің көбі психологиялық кітаптарды іздейді. Осы ретте қазақшаға тәржімалаған қандай кітаптарға сұраныс басым дер едіңіз?

- Иә, расында психологиялық, мотивациялық кітаптарды сұраушылар көп. Ол кітаптардың басым көпшілігі шет ел авторларынан аударылған кітаптар. Мысалы: Кийосаки Р. «Бай өке, кедей өке», Хейл Л. «21 күнде бақытты болудың құпиясы», Синсеро Джен «Сен мықтысың», Роббинс Э. «Бойыңдағы алыты оят», Карнеги Д. «Алаңсыз өмір сүру құпиялары», Давлатов С. «Мен және ақша» тағы басқа да кітаптарға қызығушылық артып отыр.

-Кітапхана қоры және оны толықтыру жайында айтсаңыз. Оқырмандарыңыздың сұранысындағы кітаптарды қайдан аласыздар?

- Кітапханалар қоры негізінен мемлекеттік тапсырыспен келеді, жергілікті бюджет арқылы оқырмандарымыздың сұранысындағы әдебиеттерді сатып аламыз. Сондай-ақ, кітап авторлары, ақын-жазушыларымыз, көптеген оқырмандар сыйға, тегін әкеп тапсырады. Кітапханамызда «Кітапханаға кітап сыйла» акциялары жиі болып тұрады.

Ақын Иосиф Бродский: «Егер бір адам кітап оқымаса, бұл оның өз қасіреті, ал миллиондаған адамдар кітап оқымаса, тұтас бір ұлттың қасіреті», — деген екен. Көпке топырақ шашпаймыз бірақ қазіргі жастардың кітап оқуға деген құлшынысы күннен күнге азайып, Мұхтар Шаханов айтпақшы «Компьютербасты жарты адамдар» көбеюде.

«Кітапсыз үй – жансыз дене сияқты» деген екен бір данышпан. Ал кітапты ғұмыр бойы қолына ұстамаған адамды неге төңеріңді білмей дағдарасың. Кітап – қашанда рухани азық. Ондай құнбат қазынаны өткініш дүниелермен алмастыруға өсте болмайды. Сондықтан алдамшы



қолайлы ортаға айналуға. Мұндағы жайлылық, тыныштық білімге деген ынтаның аша түседі.

- Қазір күрделі салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдермен емес,

- Бүгінде кітапханада қанша кітап қоры бар? Және олардың арасында қазақ жазушыларының үлесі қанша?

- Бүгінде кітапханамызда 430167 кітап бар. Оның 132474-і қазақ тілінде.

нәрселерге еріп, кітаптың қадірін түсірмейік!

Сұхбаттасқан: Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ

ДЕМАЛЫС АУМАҒЫНА АЙНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Сырда туған сырбаз ағайынның қуанышы еселенуде. Өткен жылы жөндеу жұмысына жабылған Орталық алаң жанарып, жасанып, шаһарымыздың көз қуанышына айналып шыға келді. Онда қазір субұрқак та, балаларға арналған ойын алаңқайлары, жаңадан төселген брусчатка, ең қызығы жана жарықшамдар мен орындықтар қойылған. Бұған дейін орталық алаңда орындық сирек болғанымен, қазір олардың саны артып, тұрғындардың заманауи жағдайдағы аумақта емін-еркін демалуына жоғары жағдай жасалды. Мемлекеттің ел игілігі үшін жасап жатқан жұмыстарын санасақ санап біте алмаймыз мүмкін, осы орайда көзге көрік беретін, көңілге шаттық сыйлайтын Орталық алаң осы жұмыстардың маңдайылысына айналып тұр.

Орталық алаңның бүгінгі келбетіне қала тұрғындарының көңілі тола ма, олардың пікірін білген едік.

— Қызылорда қаласының Орталық алаңы жаңартылып, пайдалануға берілгені біз үшін үлкен қуаныш. Бұл орын тек қала сәні ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың бос уақытын өткізуге арналған тамаша мүмкіндік береді. Жаңа алаңның құрылыс жұмыстары жоғары деңгейде орындалғанын айта кеткен жөн. Әсіресе, алаңдағы балаларға арналған ойын алаңдарының болуы ата-аналарға үлкен қуаныш сыйлайды. Менің бала-шағам бұл жерде уақытын қызықты, әрі қауіпсіз өткізіп жатыр. Жаңартылған жасыл аймақтар, жаяу жүргіншілер жолдары мен демалыс орындары барлығымыз үшін өте қолайлы болды. Сонымен қатар алаңдағы көгалдандыру және суғару қалаға ерекше көрік беріп тұр. Жаңа болып жасалған, бұл — менің балаларым үшін үлкен қуаныш. Сонымен қатар алаңдағы көгалдандыру және суғару қалаға ерекше көрік беріп тұр. Жаңа демалыс орындары мен гүлзарлар тұрғындардың көзін қуантады. Бұл алаң көз келген маусымда өз тартымдылығын жоғалтпайды, қыста қар жауған кезде де, жаздың аптап ыстығында да серуендеуге қолайлы.

Екінші себеп — демалыс мүмкіндіктерінің көптiгi. Алаңда балаларға арналған ойын алаңдары, спортпен шұғылдануға арналған алаңқайлар, жасыл желекпен қоршалған тыныш орындар бар. Мұнда тұрғындар отбасы мүшелерімен бірге келіп, демалып, спортпен айналыса алады. Жастарға арналып салынатын скейт-парктің де көпшіліктің көңілінен шығатынына сенімдіміз. Жобаның алғашқы ұсыным дизайнында скейт-паркті кездестірдік. Көп өтпей ол да алаң төріне салынатынына сенім мол.

Төртінші себеп — экономикалық пайдасы. Жаңартылған алаң қала экономикасына да оң әсерін береріне сенім мол. Мұнда орналасқан жана нысандар алаңдағы уақытта мейрамханалар мен дүкендерге айналып, жұмыс орындарын ашып, жергілікті кәсіпкерлердің табысын арттыруға септігін тигізеді деген пікірдемiз. Сонымен қатар алаңға келетін демалушылар саны артып келе жатыр.

Бесінші себеп — экологиялық жағдайдың жақсаруы. Алаңды жасыл барысында жасыл желек аймақтары көбейтілді, бұл қала экологиясының жақсаруына ықпал етті. Тұрғындар таза ауада серуендеуге мүмкіндік алды, бұл олардың денсаулығына оң әсерін тигізуде.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ТЕГІН ИНТЕРНЕТ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНАДЫ

Үстiмiздегi жылдың 18 маусымынан бастап Қызылорда қаласында «Транстелеком» АҚ-ның Қызылордатранстелеком филиалы қыпалымен тегiн интернет желiсi iске қосылды. Бүгiнде wi-fi қызметi Mesh-желi технологиясы бойынша қаланың Орталық алаңында қол жетiмдi.

«Қызылордатранстелеком» мамандарының мәлімдеуінше, қала тұрғындары тегін интернет желісімен қамту жобасы Қызылорда облысы әкімдігімен бірлесіп жүзеге асырылған. Бүгінде FreeWi-Fi диапазонының қабылдау аумағы 420 метрді құрайды. Желі әрбір қосылушыны байланыстың сапалы түйініне өзі автоматты түрде қоса алады.

— «Негізінен «Қызылордатранстелеком» арқылы қала аумағындағы саябақтарға тегін интернет қызметін енгізу бастамасы қолға алынып отыр. Бұл жайында облыс әкімдігіне ұсыныс айтылып, тиісті жұмыстарды бірлесе атқаруға уағдаластық жасалды. Алдымен қаланың орталық алаңы аумағына Wi-Fi желісін салудан бастадық. Бұл алдағы жоспарлы жұмыстардың бастамасы десек болады. Бұл қызметті қала халқы жыл аяғына дейін еш кедерісіз пайдалана алады. Алдағы уақытта қосымша келісім жасап, халықтың белгіленген орындарда тегін интернет желісін пайдалану барысын пысықтайтын боламыз», — деп түсіндірді бұл жайында «Қызылордатранстелеком» филиалының біріккен менеджері Мұхаммедшах МАРАТУЛЫ.

Қазіргі таңда желінің тегін нүктелері Қызылорда қаласындағы Желтоқсан көшесі бойындағы орталық алаңда және қаланың сол жағалауында тұрғызылған жаңа Автовокзал аумағында пайда болды. Жақын арада Жақаев көшесіндегі шығармашылық Арбат аумағында да іске қосу жоспарлануда.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ



Жайлы жағдай жасады. Алаңның сәулеттік шешімдері көз тартады және қалаға заманауи көрініс береді. Осындай жобалар қаламыздың даму деңгейін арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартады деп сенемін. Облыс және қаламыздың әкімдеріне осы жоба үшін алғыс айтамыз, болашақта да осындай игі бастамалардың жалғасын табатынына үміттенемін, — деді қала тұрғыны Гүлмира Жаксыбай.

Ал енді бірі орталық алаңның таныматай болғанын, таңданысын жасырмады.

— Алаңында келгенде жөндеу жұмысынан кейін орталық алаңды танымай қалдық. Бұл алаң тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналды. Құрылыс жұмыстары өте сапалы жүргізілген, жаңа алаңның барлық элементі біздің қажетімізге сай келеді. Атап айтқанда балалар алаңдары өте ыңғайлы және қауіпсіз

жаяу жүргіншілер жолдары мен орындықтар күнделікті серуендеу үшін қолайлы болды. Қала тұрғындарының осындай жайлы жерде демалуына жағдай жасаған әкімдерге ризашылығымызды білдіреміз. Алаңдағы жарықтандыру жүйесі де кешкі уақытта өте тиімді, бұл тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Орталық алаңның жаңартуы Қызылорда қаласының дамуындағы маңызды қадам деп ойлаймын. Болашақта осындай жобалардың жалғаса беруін тілеймін, — деді Гани Смағұл.

Бұл — қала тұрғындарының пікірі. Жөндеуден өткен алаң сырбойлылықтардың сүйікті орнына айналды және оған қатысты бірнеше себеп бар.

Бірінші себеп — тартымдылығы мен қолайлылығы. Жаңартылған алаң әсемдік пен заманауи архитектураны үйлестіре отырып, қала көркін ажарландырып тұр. Жаңа дизайн-ерлік шешімдер, кең жолдар,

мәдени іс-шаралардың өткізілуі. Жаңартылған алаң қала тұрғындары мен қонақтары үшін мәдени іс-шаралар мен фестивальдердің орталығына айналды. Мұнда жиі концерттер, көрмелер, жәрменкелер өткізіліп тұрады. Алаңда өткізілетін іс-шаралар қала мәдениетінің дамуына, халықтың рухани баюына ықпал етеді.



Үшінші себеп — мәдени іс-шаралардың өткізілуі. Жаңартылған алаң қала тұрғындары мен қонақтары үшін мәдени іс-шаралар мен фестивальдердің орталығына айналды. Мұнда жиі концерттер, көрмелер, жәрменкелер өткізіліп тұрады. Алаңда өткізілетін іс-шаралар қала мәдениетінің дамуына, халықтың рухани баюына ықпал етеді.

«САБАЛАҚ» КӨМІР ТҮТІНІНЕН ҚҰТЫЛАДЫ...

— Жоба үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде қала маңындағы Ж.Махамбетов кентінен жоғары қысымды газ құбыры төселетін болады. Содан кейін квартал ішіндегі сызықтар орнатылады. Тендер аяқталды, екі кезеңге мердігер анықталды. Жоба бойынша жұмыстар мердігердің өз қаражаты есебінен басталды. Үшінші кезең үшін мердігерлік ұйымның атауы 25 шілдеде жарияланады. Жергілікті бюджеттен қаражат тамыз айында бөлінеді. Тендер аяқталғаннан кейін барлық үш жоба қатар орындалады. Бұл ауқымды жобаны «Сырэнергогазстрой» ЖШС атқарады. Қазір осы аумаққа арнайы техникалар мен мамандар орналастырылуда. Газдандыру келесі жылы толығымен аяқталады деп жоспарлануда, — деді қала әкімі С.Салауатұлы.

бүгінгі үлкен қуаныш саяжаймыз «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілмек. Шанырағымыздың оты жанайын деп тұр. Жұмыстың қарқын алуы соған негіз. Осы ретте, Президенттен бастап облыс, қала және кент әкімдеріне, құрылыс басшылығына алғысымызды білдіреміз. Халыққа берген уәде орындалып, ақ түйенің қарны жарылып, тұрғындардың қуанышында шек жоқ. Бұрын көмірді сатып алатынбыз. Ол оңайлықпен жанбайтын. Тіпті жартысы қоқысқа кетеді. Уланып, ауруханаға түскен күндер де болды. Енді мұның бәрі артта қалмақ, — дейді тұрғын Гүлсәнім Әукенова.

Иә, қаузалған тақырыптың түйіні тарқамай, тұрғындардың тұнжырауына себеп болған еді. Отын бұтап, көмір тасып жүру де оңай емес. Қолдан қалақты тастамай, құл шығарып, қара



Бұрын саяжайға қатысты жиі дау болса, бүгінде даму динамикасының ілгері екенін айта кеткен жөн. 4500-нан астам тұрғыны бар. Еңбекке елті, іске икемді жандар салада бағын сынап жүр. Мәселен, 50-ге жуық кәсіпкер бары көңіл қуантады. Нәтиже де жаман емес. Соның негізінде 2 жеке балабақша, мектеп, дәріхана, көлік жөндеу шеберханасы, автокөлік жуу, 10 азық-түлік дүкені, 2 жанармай құю бекеті, 2 демалыс орны, 2 монша жұмыс істеуде. Сонымен қатар, «Бегім-ай» өнер орталығы, №4 қалалық емхананың филиалы, жобалық құны 962 млн теңге болатын 150 орындық қосымша білім беру орталығы іске қосылған.

Әлбетте, халық үшін инфрақұрылым игілігі маңызды. Қазір «Сабалақта» бұл мәселелер де кезең-кезеңімен реттеліп, серпіліс бары байқалады. Биыл қала бюджетінен бөлінген 21 млн. теңгеге ұзындығы 9,8 шақырымды құрайтын 15 көшеге 303 жарықшамы орнатылды. Мұның өзі қуанышты еселейді. Әйтпесе, жарықтандыру жүйесінің жұқартатыны жасырын емес. Жаңа қоғамдық көліктер де жолаушыларға жайлы.

— «Сабалақ» саяжайында 2006 жылдан бері тұрып келе жатырмын. Содан бері көптеген өзгеріс болды. Жол салынып жатыр, жарық орнатылды, автобустар да уақытылы келеді. Ал,

күйе болатын машақатты сөз етпегенде, көмірдің аспандаған бағасы көңілді тағы түсіріп, газ баллонның жайы да басты қатыратын. «Көгілдір отынның» да тұтыну бағасы да арзан емес. Бірақ, отын мен көмір, баллонның құнындай қыруар қаржыны құрамайды. Бастысы, өлсін-өлсін от жағып, боранды күні сөніп қалмас па екен деп секемдену болмайды.

— «Сабалақ» саяжайына табан тірегілі төрт жыл болыпты. Осы уақытқа дейін газ мәселесін көтеріп, бүгін құбыр жүргізу жұмысына қол жеткізіп отырмыз. Осыған атсалысқан барлық басшыға алғыс айтамын. Құбырын тартқанға қуанып отырмыз, енді газ үйге жетсе нұр үстіне нұр. Келген жылы 9 тонна, ал былтыр 10 тонна көмір жақтым. Оны 19 500 теңгеден аламыз, әрі көлікпен алып келетініміз бар, бәрі қаржыға көп тірелетін. «Көгілдір отын» келетіні туралы жаңалық қуантқаны рас, — дейді Рая Ержанова.

Көпшіліктің бұған дейін «көгілдір отын» деп күңіренгені орынды-ақ. Қолғаға тұрған иіс пен түтінге тұншығу кімге жақсын?! Уақыт — бәріне таразы. Енді тағатысыздана тосқан табиғи газдары жылдамдап үйге кірсе құба-құп. Сонда сүйінші хабарға сүйсінген жұрт арқасын кеңге салар.

Мұхаммедшах КАЮП

ИППОТЕРАПИЯ ИГІЛІГІ

Иппотерапия халықтық медицинаның тиімді әдісі саналады. Бүгінде жылқыға мініп жаттығу арқылы емделу мүмкіндігін дәрігерлердің өздері де мойындай бастады. Емнің бұл түрі тірек қимыл жүйесі, аутизм, церебральді салдану, сөйлеу және тіл дамуының бұзылысы мен Даун синдромы секілді балалар ауруына таптырмас дауа болатыны дәлелденген.

Негізінен иппотерапия грек тілінде «hippo» - «ат» деген мағынаға ие. Түпкі мағынасында «атқа мініп жүру арқылы емдеу» дегенді білдіреді. Бұл әдіс әлемдік деңгейде кеңінен қолданылады.



Медицина саласының мамандары бүгінгі таңда иппотерапия кешенді реабилитациялық көмектің құрамдас бөлігі екенін айтып жүр. Өйткені бұл тәсіл тірек-қимыл, жүйке жүйесі және пациенттердің әлеуметтік бейімделуін қамтитын орын. Онда инновациялық технологияларды қолдана отырып, оңалтудың толыққанды интеграцияланған моделі қолданылады. Филиал 2013 жылы ашылған.

Негізінен бұл орталық Қазақстандағы медициналық оңалтуды, психологиялық - педагогикалық түзетуді және пациенттердің әлеуметтік бейімделуін қамтитын орын. Онда инновациялық технологияларды қолдана отырып, оңалтудың толыққанды интеграцияланған моделі қолданылады. Филиал 2013 жылы ашылған.

Филиалдың негізгі бағыты 1 - 18 жас аралығындағы жүйке жүйесінің мүгедектікке шалдықтыратын дерт түріне душар болған балалармен жұмыс жасау болып табылады. Бұл жерде баланы қоғамда толыққанды өмір сүруге бейімдеуге бағытталған кешенді мамандандырылған медициналық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік салада оңалту көмегі көрсетіледі.

Орталық жүйке жүйесі мен тірек-қимыл жүйесінде патологиясы бар балаларға және жасөспірімдерге оңалту көмегін көрсетуге арналған 60 тесек-орынмен жабдықталған. Оған жылына 900-ге жуық бала Қызылорда, Түркістан облысынан келіп ем алады екен.

Осы орталықтан кешенді ем алып, дертіне шипа тапқан жанның бірі — бес жастағы Ұлан Әділхан есімді балақай. Ұланның анасы Гүл Наз Медетьярованың айтуынша, церебральды сал ауруы, спастикалық диплегиясы бар баласы иппотерапиядан кейін өзін жеңіл сезіне бастағанын байқайлыты.

— «Аттың үстінде ұлым өзін өте еркін ұстайды. Алғашқы күннен-ақ бойынан жақсы нәтиже байқалды. Бұған дейін баланың екі аяғы сал болып, жүре алмайтын күйде келген едік. Осы емді қабылдағаннан бастап жағдайы жақсара түсті. Осы орайда МӘМС аясында тиісті ем-шарасы тегін жүргізілгенін айта кеткім келеді.

Жалпы иппотерапияның игілігін сезіндік», — деп қуанышымен бөлісті анасы.

Сол сияқты церебральды салдану, спастикалық диплегияның ауыр дәрежелі түріне шалдыққан 15 жастағы Рамазан Әбділшіт де қазіргі жағдайы көңілге қуаныш сыйлайды. Рамазанның әжесі Күлаиша Түлеуова немересіне иппотерапияның шарапаты тигенін айтып, алғысын білдірді.

МӘМС демекші, жыл басынан бері «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» филиалына емделушілерді қапына келтіру мақсатында әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 77 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді.

— «Жалпы орталықта кешенді оңалту шарасы 3 бағыт бойынша жүргізіледі. Филиалда атқа мініп жүру арқылы емдеу шарасынан бөлек, механотренажерлер, тірек рама (вертикализатор), батут, «Атлант» костюмі, позиционерлермен жабдықталған ЕДШ (Емдік дене шынықтыру) залы жұмыс жасайды. Сондай-ақ, компьютерлі технология негізінде жұмыс жасайтын МТОМед тренажеры да бар», — дейді Амандық Мирамбекұлы.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ

Кіманхана

Алматыда Қабанбай батыр көшесі мен Наурызбай батыр көшесінің қиылысқан жерінде бір шағын гүлзар бар. Бір кезде соның дәл іргесінде “Пионерлер сарайы” орналасқан. Мына гүлзар балалардың демалыс орны болып та саналатын. Соның шарапаты ма, әлде өзге бір себебі болды ма, Алматының бау-бақша, тал-терегін түгел отап, үй салып жатқан заманда, осы гүлзар ғайыптың ісімен аман қалыпты. Қазір шағын да болса сол саялы бақ қарттардың аяқ суытатын жеріне айналған. Әр жерде тізе бүгетін орындықтары бар.

сонау Мұса пайғамбардан – Мұхаммед пайғамбарға дейін өмірбаяндарын оқып көріңіз. Солардың бәрі де қоғамдағы ірі-шірікпен, ескі тәртіппен күрескен. Тіпті Мұхаммед пайғамбарымыз ислам дінін орнықтыру үшін бұтқа табынған мүшіріктермен қан төгіп соғысуға дейін барған жоқ па?! Тегінде, төңкеріс дегеніміз – өзгеру, жаңару деген сөз ғой. Өйткені мына дүниеде ескірмейтін, көнермейтін нәрсе жоқ. Бәрі ескіреді, шаң басып, кір тұтып, тот басып, тозады. Көне қағидалар жарамсыз болып қалады. Міне, осындайда өзгеріс жасап,

безгегі ұстаған адамдай қалтырап кетуші еді. Апырай, осы ескерткіштерден қалай құтылуға болады? Азаттық алуға асықпаған шенеуніктердің бұл жолы да қозғалатын түрі жоқ. Өстіп жүргенде құлағына бір жағымды хабар тиді. Семей облысының сол кездегі жас әкімі Жақиянов қаладағы Ленин бастатқан комиссарлардың ескерткішін жинап-теріп, Ертіс бойындағы аралдардың біріне апарып тастапты. Көшіргенде ештеңесін бүлдірмеген, бәрін бір алаңқайға апарып, қаз-қатар тізіп қойған.

ласып төрт-бес адам келді. Біреуінің қолында – қыл арқан, екіншісінің қолында – лом темір. Мынадай жабайы құралмен зәулім ескерткішті қалай құлатпақ? Сөйткенше, сол маңға он-он бес адам жиналып қалды. Біреулер болаттан құйылған Дзержинскийдің мойнына асауды ұстағандай шалма салып, бірнешеуі арқанды жабыла тартып көріп еді, ескерткіштің қозғалатын түрі байқалмады. Тағы біреуі тұғыр тасты лом-темірмен соққылап еді, қызыл гранитке оның да тісі батпады. Әй, қайран қазақ-ай, осы етекбастылығың ғой – өзге жұртқа жем

ның” төрағасы болса! – десіп гу-гу етеді... Тракторшылар да намыстанды-ау деймін. Біреуі болат шынжырды ышқына тартқанда, екіншісі трактордың жер қазғыш шөміш басын ескерткіштің қыр желкесінен салды. Осылай екеулегенде ғана “Темір Феликс” оң жағына омырыла құлады. Бірақ жерге құлап түспей, бір жағына қисайып, тұғырға бекіткен тірек темірлерге ілініп тұр. Алайда ендігісі оңай еді, трактор тағы бір құлқығанда ішек-қарны шұбатылған өліктей жер сүзе етпетінен түсті.

ТИРАНДАР ТЫРАПАЙ АСҚАН ЖЫЛ

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ
(Өңгіме-эссе)

Ұзақ жыл мектептерде тарих пәнінен сабақ бөліп, бұл күнде зейнетке шыққан Әубәкір соңғы жылдары күн сайын болмағанымен, апта сайын осы гүлзарға келіп тұрады. Бос уақытында бой жазам десе, Алматыда бұдан басқа да саялы бақтар көп қой. Алайда Әубәкір тек осында келіп, тыныс алғанды ұнатады. Әйтеуір оны осылай қарай тартып тұратын бірдеңе бар. Міне, ол бүгін де ернеуі майысқан ескі шляпасын баса киіп, көнетоз, ақ плащын сүйрете, гүлзардың түстік жағындағы шеткі орындықтардың біріне келіп жайғасты. Қуз ызғары білінген қазан айының басы. Айнала күзем жүніндей күпсіген сары жапырақтар. Ой-хой, дүние! Бір орында тұрмай зулап бара жатқан заман... Мәңгі естен кетпейтін сол көнеден бері де жиырма жыл өте шығыпты-ау! Ол кезде мына көшелер басқаша аталатын. Шығыстан батысқа қарай созылған мына Қабанбай батыр көшесін “Калинин көшесі” дейтін-ді. Ал сол көшені қиып өтетін Наурызбай батыр көшесін “Дзержинский көшесі” деп атайтын. Аруағыңнан айналайын, батыр бабаларға рақмет! Бір кезде қазақ жерін жоңғардан қалай азат етсе, қала көшелерін иемденіп алған қызыл комиссарларды да тәуелсіздік жылдарында солай ығыстырып шығарды-ау! Комиссарлар жай көше аттарын иемденіп алса бір сәрі ғой, мына төрт көшесінің түйілісінде Дзержинскийдің түйе бойламайтын ескерткіші тұратын-ды. Үстінде тобығына түскен шинелі бар, қаһарлы да сұны комиссар. Көшенің шығыс жақ бетінде Дзержинскийдің өзі іргесін қалаған қауіпсіздік комитеті – КГБ-ның кеңсесі бар. Бір кезде талайдың қанын төккен сол ғимарат та ескерткіштің айбынын асырып тұратын. Әубәкірдің мына гүлзарға келе беретіні тегін емес. Егер кез келген адам өз өмірінде қалайда бір ерлік жасауға тиіс десек, Әубәкір орайы келген бір ерлігін осыдан жиырма жыл бұрын асып төрт көшенің түйілісінде жасап еді. Әубәкірдің бойына ондай батылдық бірден біте қалған жоқ, мұны ондай тәуекелге барғызған – сол жылдардағы бостандықтың буы, төңкерістің желді болатын. Алайда сол күні көрсеткен өлермен жанкештілігі өзіне бүгінге дейін дәтке қуат, өмірінде бір рет шырқап көтерілген биігі бол қалды. Жасы жетпіске келіп, бойынан күш-қуат қайтқан кезінде де көптің көңілінен шыққан сол бір ерлігі бүгінге дейін дімкөс жүрегіне жылу беріп тұрады. Ой-хой, шіркін, бұл өмірде дүниенің жаңғырғанына, ескілік атаулы келмеске кетіп, жаңаның жарып шыққанына не жетсін?! Біреулер төңкеріс дегенді – қан төгіс деп ойлайды. Төңкерістен, өзгеріс атаулыдан зәресі ұшып қорқады. Осындайда Максим Горькийдің “Дауылпаз туралы жыры” еске түседі-ау. Дауылдан, төңкерістен қорқатындар – май басқан гагар үйректер ғой өңшең. Ал шын дауылпаздар, шынайы қырандар дауыл тұрғанда бұлттарды қанатымен қақ тіліп, жасынмен бірге жарқылдайды. Ал, шынтуайтпап келгенде, адамзат тарихы – төңкерістер тарихы. Төңкеріссіз дүние жаңармайды, қоғам алға баспайды. Алла тағала пайғамбарларды уақ-уақ жер бетіне жібергенде – төңкеріс жасау үшін жіберген. Және кез келген жерге емес, бүлінген, адамдары азғындаған өлкеге. Сенебесеңіз,

қоғамды қағып-сілкіп алу қажеттілігі туады. Мұндайда кір-қоқысты күресінге жіберіп, азаттықтың “алтын күрек” самалымен қоғамның ауасын тазартып, желдетіп алған да уәкір емес. Шіркін, азаттық жолындағы күрестің адамға сыйлайтын өршіл рухын немен теңгеруге болады?! Өз-өзіңнен қанаттанып, қолтығыңнан әлдене жебей көтеріп, Сырдың суы сирағыңнан келмей, асқақтап бір шалқитының бар-ау! Жалғыз сен емес, бүкіл ұлтың, ел-жұртың еңсе көтеріп, ержеңдеп шыға келетінін қайтерсің! Басқаларды кім білсін, әйтеуір тарихшы Әубәкір қоғамдағы ұлы өзгерісті осылай қабылдайды. Өз басы төңкеріс тұтқасын ұстап, империяны өз қолымен ыдыратпаса да, соған тілектес көңілмен қатынасып, өктем биліктің бір өкілін орнынан қопарып тастағанына бүгінге дейін дән риза. Сол күнді Құдай жолымды оңғарған ең бақытты сәтім деп біледі. Сол тәуекелге Әубәкірді қайрап салған да, “сөйтейік” деп үгіттеген де ешкім жоқ. Өзінің қанын да отаршылдық жүйеге қарсы тастай түйіліп қалған бірдеңе бар. Сол “бірдеңе” ғой Әубәкірге тыным таптырмаған. Оны не деп атауға болады? Бәлкім, “кек” деп атаған дұрыс шығар. Кәдімгі ескіден келе жатқан қанды кек! Әубәкірдің атасын Империя өкіметі 1937 жылы еш жақтықсыз атып тастаған. Бар кінәсі – өз ұлтын жан-тәнімен сүйген, “Алаш” партиясына мүше болғаны, “қазақ ұлты көзін ашсын, қатардан қалмай, басқалармен тең болсын” дегені... Неткен зорлық? Сол да қылмыс болып па? Шүкір, атасы кейін ақталды. Қазір “Алаш қайраткерлері” деген тізімнің жуан ортасында аталып жүр. Бірақ солай екен деп, ата кегін ұмытуға бола ма?! Әубәкірдің атасы атылып кеткен соң, арада аттай елу бес жыл өткенде, сол қайраткерлер аңсаған азаттық таңы да атты-ау! Басқа ұлттар әлдеқашан азаттық алып, Империядан бөлініп кеткенде, қазақ балшабектері бостандық алуға асықпай, Әубәкірдің тезімін әбден тауысқан-ды. Өзгесін қойшы, өзімізбен туыс қырғыз бен өзбектен кейін тағы үш жарым ай отырдық-ау! Содан империяның құлазыған жұртында Қазақстан жалғыз қалып, енді тәуелсіздік алмауға болмайтын болған соң, амалсыз азаттыққа қол созған-ды... Алла-ай, соның өзіне бұл жұрт қандай қуанды десеіш! Сол бір кештің келген 1991 жылдың 16 желтоқсаны мәңгі естен кетпес-ау... Бірақ осыдан кейін де Әубәкірдің көңілі орнына түсе қойған жоқ. Жарайды, елдің соңынан болса да тәуелсіздік жариялап, азаттыққа қол жеткіздік. Енді соның ел еңсесін көтеретін өзгерісі, жұртқа жағазетін жемісі қайда? Президент тағында компартияның бұрынғы бас секретары отыр. Тек, кабинеттердің маңдайшасындағы жазуы ғана өзгерген. Орталық алаңда жержүзі пролетариатының көсемі – Ленин тұр көкке бой созып. Одан басқа Калинин, Киров, Дзержинский сияқты қызыл комиссарлар да орнынан қозғалған жоқ. Өсіресе, Әубәкірдің жынына тиетіні – Феликс Дзержинский. Лениннің сенімді серігі, кейін ГПУ, НКВД, КГБ болып өзгерген “ЧК”-ның негізін салған қандықол комиссар. Өмірі табаны тимеген Алматыда соның көшесі бар. Сол көшенің Калинин көшесімен қиылысқан жерінде зәулім ескерткіш тұр. Міне, осы ескерткішті көрген сайын Әубәкірдің жыны ұстап, жүйкесі құрысып, бейне

– Кімде-кім бұрынғы көсемдерді көргісі келсе, аралға барып сөйлдеп қайтуына болады, – депті “бұл қалай” деп күңкілдеген балшабектерге. Ал Алматыда ондай әрекет байқалмайды. Тым-тырыс. Ол кезде қазіргі қаптаған партиялардың бірі жоқ. Оппозиция да атқа қона қоймаған кез. “Азат” деп аталатын бір ғана қозғалыс бар. Олардың өзі де үйсіздерге қала маңынан жер телімін алып беру секілді өнімсіз шаруалардан артылмай жүр. Әубәкір бір күні сәті түсіп, сол “Азат” қозғалысының жиналысына әдейі-леп барды. Олар қала сыртындағы “Каменка” маңынан жер алатын болдық деп желпініп отыр екен. Сол кездегі қала бастығы Нұрқаділовтен рұқсат алыпты. Әубәкір олардың кеу-кеулеген сөздерін аз-кем тыңдап отырды да, бір мезгілде орнынан тұрып, сөз сұрады. – Жігіттер, беталыстарың жаман емес, табысқа жетіпсіңдер. Құттықтаймын! – деді жұрт назарын өзіне аударып. – Әрине, жер алып, үй салған да жақсы. Бірақ менің айтатын дегенім басқа нәрсе. Мына қаламызда қаптап тұрған империя көсемдерінің ескерткіштерін не істейміз? Солар қашанғы көкке қол созып, төбемізден қарап тұрады? Соларды бір шетінен құлатпаймыз ба? “Азаттықтар” бұл туралы әлі бас ауыртып көрмеген тәрізді. Бір-біріне қарап, ойланып қалды. – Ескерткіштерді алып тастау үшін қалалық үкіметтің қаулысы керек қой, – деді қозғалыс басшыларының бірі. Сол-ақ мұң екен, жиналғандар дуылдасып кетті. – Қалалық үкімет ескерткішке тиісе алмайды, – деді біреуі. – Неге? – Қалалық үкімет жоғарыға жалтақтайды. Ал жоғарғы жақ Мәскеуден қорқады... – Әлгі, алдық деп малданып жүрген тәуелсіздігіміз қайда? – деді бір жас жігіт. Осылайша, әркім әр жаққа тартып, сөз созылып бара жатты. – Жігіттер, біз бар міндетті үкіметке артып қоймай, қызыл комиссарларды көпшілік болып, өзіміз құлатуымыз керек! – деді Әубәкір тізгінді енді өз қолына алып. – Естіген шығарсыңдар, семейліктер қаладағы ескерткіш атаулыны жинап-теріп, Ертіс бойындағы бір аралға апарып тастапты. Сондағы бір алаңқайға апарып тізіп қойған. Көсемдерін сағынған балшабектер сонда барып, көріп тұратын көрінеді... Біз неге солай етпейміз? Семейліктерден кембіз бе? Бұл да көптің көңілінен жүрген нәрсе болар, Әубәкірдің сөзін жиналған жұрт даурыға қостады: – Өукең дұрыс айтады... – Егер көпшілік қолға алса, үкімет қарсы болар дейсің бе? – Бәлкім, олар осындай бастаманы халықтан күтіп отырған шығар! – деген ойлар айтылды. – Алғашқы шабуылды кімнен бастаймыз, сонда? – Міндетті түрде “ЧК-ның” төрағасы Дзержинскийден! – деді Әубәкір... Не керек, “Азат” қозғалысы сол күні Дзержинский ескерткішін құлатуға қаулы алды. Оны және кейінге қалдырмай, ертең-ақ орындауға уәде байласты. Ертең сағат онда барлығы ескерткіш маңына жиналмақ болды. Сол күнгі Әубәкірдің қуанғанын айтап! Ертеңінде тау құлатардай болып, ескерткіш маңына сағат он болмай жеткен. Бірақ алғашқы екпіні лезде басылып қалды. Ескерткіш түбінде тірі жан жоқ. Сағат оннан асып барады. Өлден уақытта дабыр-

болып жүргенің! Гүлеген құр сөз. “Ескерткішті құртамыз, жоямыз” дейді, бірақ соны қалай құлатудың амалын ойламаған... Әубәкір қозғалыс басшыларына сеніп еді, солар көтергіш кран, не сүзеген трактор (бульдозер) әкелер деп ойлаған. Трактор әкелу тұрмақ басшылардың өзі жоқ. Қысылғаннан Әубәкірдің маңдайынан сұп-суық тер шықты. Осы бастаманы көтерген өзі еді, шынымен-ақ көздеген мақсаттары іске аспай қалғаны ма? Сасқанда адам қиялы ұшқыр боп кететіні несі екен? Кенет Әубәкірдің ойына әлдене сап ете түсті. Мана келе жатып, жол жөнекей көзі түскен: осыдан бір көше жоғарыда ауқымды құрылыс жүріп жатқан-ды. Сол маңда қазылған шұқырларды тегістеп, екі бірдей трактор жүрген. Біреуі – ожау басы бар жер қазғыш трактор да, екіншісі бульдозер... Әубәкір енді аялдап тұрмады, солай қарай құстай ұшты. Бір жақсысы, тракторлар ешқайда кетпейті. Екі тракторшының бірі – орыс, бірі – қазақ. Әубәкір солардың қасына банды, асыға-аптыға сөйлеп тұр. – Жігіттер, сендерге бес минуттік жұмыс бар. Кеше “Азаттық” қозғалысы мына бұрыштағы Дзержинский ескерткішін құлатуға қаулы алған. Адамдар жиналып тұр. Бірақ ескерткішті тартып құлататын трактор жоқ... Көмектесіңдер! Тракторшылар тез келісті. Өздері көп сөзге жоқ екен: – Қанша бересің? – деді бар болғаны. – Өрқайсыңа бір жартыдан арақ берсем, жете ме? – Пойдет... Олар ескерткішті қайда тұрғанын жақсы білетін сияқты. Дереве Дзержинский көшесіне түсіп, төмен қарай жосып берді. Қуанышы мен танданысы бірдей Әубәкір мырс-мырс күліп келеді. “Бүкіл бір елді тітіреткен тиранның құны – бір литр арақ болды-ау, ақыры” дейді ішінен. Келсе, мұндағы адам саны әлденеше есе молайыпты. Бірақ ешқандай әрекет жоқ. Гу-гу сөз, айғай-уран... Өйткенмен, олар да дәл қазір бір үлкен міндет атқарып тұр еді. Ол – “Халықтың ұйғарымы, көпшіліктің қалауы” деген міндет. Егер мына көпшілік болмаса, соларға арқа сүйемесе, Әубәкірдің жалғыз өзі бұл шаруаны атқара алар ма еді. Қабаттаса келген қос тракторды көргенде жиналған жұрт тағы да ду ете қалды. – Кім, ей, мына техниканы алып келген? – Осы бастаманы көтерген Әубәкір деген азамат... – Кім болсаң да жігіт екенсің! Шіркін, осындай азаматтар ғой ел бастайтын! – деп біреулер Әубәкірді қолпаштап жатыр. Тракторшылар келісімен іске кірісіп кетті. Біреуі жер қазғыш трактордың шөміш басына шығып тұрып, шынжыр арқанды ескерткіштің мойнын тұсына бір шалып байлады да, екіншісі анау жерге түскен соң, жуан шынжырды ышқына тартты. Бірін-бірі қажаған темірдің шақыр-шұқыр даусы шықты. Болат тонды ескерткіш те сықырлай қозғалып, бірақ құлап түспей, теңселіп барып, тұрып қалды... Айналада бірі атып, бірі қаққан сөздер: – Балшабектерің әлі де орын босатқысы келмейді. Не деген итжандылық?! – деді біреу қарқ-қарқ күліп. – Жетпіс жылдан бері тамырын тереңге жіберген пәле ғой, бұлардың қай-қайсысы... –Өзі “Темір Феликс” атанған “ЧК-

Ашынған жұрт жабыла ұмтылып, “ЧК” төрағасының үстінде ойнақтап жүр. Ой-хой, заман-ай! “Дүние – көзек” деген осы. Бір кезде маңына барудан жасқанатын бодан жұрт қаһарлы қисайып, тұғырға тезектей тепкіледі-ау бір! Біреу қолындағы шой балғамен ескерткішті шекелей бір періп еді, жуан мойны опырылып, басы анадай жерге ұшып кетті. – Бір кезде ЧК, ГПУ, НКВД, КГБ аталған мекемелер жазықсыз талай адамның басын жұтып еді, соның есесі бір қайтты-ау! – деді кешігіп келген қозғалыс басшыларының бірі. – Өттең, Ежов пен Берияның басын да осылай бір тебу керек еді. – Голощекинді айтпайсың ба? Сол кужақ қолға түспеді-ау! – деді әлдекім. Сол-ақ мұң екен, қалың топтың арасынан көшені кернеген ұран көтерілді: – Тәуелсіздік жасасын! – Қолымыз ерең жеткен азаттығымыз баянды болсын! – Қаламызды қанды қол отаршылдардан, қызыл комиссарлардан тазартайық! – деген айбынды ұран айналысы басына көтерді. Бұл кезде құлаған ескерткіш маңы адамға толып кеткен. Көшедегі жау жүргіншінің бәрі осылай бұрылып келіп жатыр. Бұқара халық үшін бұл да бір қызық көрініс болатын. Күні кеше біреулер табынған, енді біреулер қорыққанынан пір тұтқан қызыл комиссардың ескерткіші көшеде быт-шыт болып шашылып жатыр. Бұл дегеніңіз – ай емес, жыл емес, газырда бір болатын оқиға ғой. Азаттық, тәуелсіздік туралы көпірме көп сөзден гөрі осындай бір батыл әрекет әлдеқайда әсерлі сияқты. Мұның атын не деп атаймыз? Төңкеріс дейміз бе? Біреулер “Тирандар тырапай асқан жыл” деп жүр. Өзгелер не десе, о десін, Әубәкір үшін бұл – төңкеріс. Өз қолымен жасаған төңкеріс. Дүниені төңкермесе де, Дзержинский сияқты империя көсемдерінің бірін төңкеріп тастағаны рас қой. Егер Қазақстандағы әрбір адам Әубәкір секілді “төңкеріс” жасай берсе, ештеңеден кенде қалмас едік-ау! Әубәкір өзінің сол бір еңбегіне ешкімнен ақы сұраған жоқ. Сый-сияпат, марапат та дәмепеді. Өзінің есесі қайтып, айызы қанды, атасының кегін алды – сол жетеді. Тек, көңілге келетіні, төңкерістің бейнетін біреу тартса, зейнетін сол төңкеріске тұрады да қимылдатпаған басқалар көргені екен. Қазақ жерінің байлығын кім пайдаланып жүр қазір? Миллионер, миллиардер деген алпауыттар қайдан пайда болды? Соларды байыту үшін қан төккен жоқ қой – азаттық жолында басын берген күрескендер... Осындай ащы ойлар ғой Әубәкірге маза бермей, түн ұйқысын төрт бөлестін. Алайда ой өз алдына, комиссарды төңкеріп тастағандай тағы бір әрекет керек... Күн түске тармасып қалыпты. Әубәкір гүлзардағы манағы орнынан енді ғана көтерілді. Өттең жас келіп қалды ғой – жаңа заманның қорқауларымен күресуге! Бірақ олар да қарымтасыз қалар деймісің. Олардан да мықтап тұрып еш алатын бір кешкілдер табылар. Ал шляпасының ернеуі майысқан, көнетоз плащы тобығына түскен тарихшы Әубәкір кермек ойларын өзіне серік қып, автобус аялдамасына қарай ілбі басып кетіп барады.

Сұрағым бар...

ГРАНТПЕН БІТІРГЕННІҢ ӨЗ ЕРЕЖЕСІ БАР?..

Жоғары оқу орнын мемлекеттік грант бойынша бітірген түлек өз мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндетті. Грантпен оқыған студенттер қандай мекемелерде грантын өтей алады? Кімдер грантты өтеуден босатылады? Грантты өтемеген жағдайда түлек оқу ақысын қайда қайтарады?

ГРАНТ ӨТЕУ МЕРЗІМІ ҚАНША?

Соңғы жылдары еліміздің жоғары оқу орындарын грантпен, немесе квота бойынша оқып бітірген бакалавриаттар, магистранттар мен докторанттар грантын өтеп, өз мамандығы бойынша кем дегенде үш жыл қызмет етуге тиіс.

Бұл ереже 2016 жылы ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес қабылданған. 2021 жылдың басында грантты өтеуге қатысты заң талаптары жеңілдетілді. Бұдан былай жоғары оқу орнында грант арқылы білім алған түлектер грантты мамандық бойынша тек мемлекеттік мекемелерде ғана емес, жекеменшік мекемелерде де өтей алатын болды. Сонымен қатар мемлекет тарапынан грант иегерін оқытуға кеткен шығындарды өтейтін норма енгізілді, ол түлектің нақты оқыған оқу мерзіміне пара-пар.

«Білім туралы» Заңға сәйкес 6 санат үшін грант бойынша үш жылдық, немесе екі жылдық міндетті жұмыспен өтеу көзделген. Олар:

Педагогикалық, медициналық, ветеринариялық және ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша квотамен оқуға түскен ауыл жастары;

Педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша «Серпін» бағдарламасымен оқуға түскен ауыл жастары;

Педагогикалық және медициналық мамандық бойынша оқыған студенттер;

Бейіні бойынша докторлық бағдарлама бойынша білім алған докторанттар;

Философия докторлары бағдарламасы бойынша оқыған докторанттар; Барлық басқа мамандықтар.

Грантты қандай жағдайда мемлекеттік өтеу міндетті емес?

Оқу ақысы толығымен төленген жағдайда, одан бөлек, төмендегі жағдайларда:

тұрғылықты жерде, жұмыс орнында немесе жұбайы қызмет ететін жерде мамандығы бойынша бос жұмыс орны табылмаса;

I және II топтағы мүгедектігі болса; оқуын одан әрі жалғастыру үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде магистратураға, докторантураға немесе резидентураға оқуға түскен жағдайда;

аяғы ауыр әйелдерге; үш жасқа дейінгі баланы (балаларды) жалғыз өзі тәрбиелеп, өсіріп отырған тұлғаларға мемлекеттік грантты өтеу міндетті емес.

Студент алғашқы жылдары ақылы оқып, кейін грантта оқыса грантты өтейді ма?

Бұл жағдайда грантты өтеу мерзімі бөлек есептеледі. Мысалы, студент: ақылы оқудан грантқа ауысса; гранттан ақылы оқуға ауысса;

жоғары оқу орнынан шығып кетсе және сол жылы не келер жылы оқуына қайта оралса.

Мысал үшін есептеп көрейік: грантты

өтеу мерзімі 3 жыл. Жалпы оқу жылы 4 жыл. Студенттің ақылы оқыған уақыты 30 ай, ал грантта оқыған уақыты 18 ай болса, оның грантта оқыған мерзімін жалпы оқу жылына бөліп, шыққан санды 36-ға көбейтеміз. Нәтижесінде 13,5 ай болады. Яғни, түлек бір жарым жыл грантта оқыған уақыты 13,5 ай жұмыс істеп өтеу қажет.

Әскери борышын өтеуге шақырылса өтейді ма?

Мерзімдік әскери қызметке түскенде немесе шақырылған кезде жас маманға жұмысты өтеу мерзіміне қызметті өтеу уақытын қоспастан, жұмысты өтеу мерзімі кейінге шегеріледі.

Мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға қанша уақыт беріледі?

Жұмысқа жолдаманы түлектерді бөлу жөніндегі комиссия алдын-ала береді, ал ол комиссия университетте құралады. Түлек оқуды бітірген жылы 1 қыркүйектен бастап жұмысқа кірісуі қажет.

ЖАС МАМАНДАРДЫ ЖҰМЫСҚА КІМДЕР ЖІБЕРЕДІ?

Жас мамандарды жұмысқа жіберу процесін ЖОО құратын дербес бөлу жөніндегі комиссиялар, сондай-ақ медициналық мамандықтар түлектері үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Жоғары оқу орындарындағы комиссия мүшелері жыл сайын бітірген түлектердің саны, мамандығы, оқу тілі, тұратын мекен-жайы көрсетілген тізімді облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне жіберіп отырады. Бұл арқылы мемлекеттік грантпен оқыған

мамандардың барлығын жұмыспен қамту көзделген. Комиссия мүшелері 1 шілдеге дейін қажет деген жас мамандарды хаттама шешімімен бөліп, жұмысқа анықтамасын береді.

Жұмыс табылмаса не істеу қажет?

Онда жас мамандар жұмыс іздеуші ретінде тіркеледі. Яғни, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына грантты өтеу уақытында жұмыссыз ретінде тіркеледі. Ол арқылы тұратын мекен-жайында жұмыс табылмаса, басқа өңірлерге жұмысқа орналасуы мүмкін.

Егер Бөлу жөніндегі комиссия түлекті жұмыс іздеуші адам ретінде тіркеуге тұру үшін Мансап орталығына жолдаған болса, онда оның жұмыссыз ретінде есепте тұрған уақыты жұмыспен өтеу мерзіміне есептеледі. Жұмысқа орналаспай, жұмыссыздық есебінен шығу жұмысты өтеуден бас тартумен бірдей. Мысалы, жас маман жалпы мерзімі 6 ай жұмыссыз ретінде есепте тұрған болса (үзіліспен/үзіліссіз), жұмыспен өтеу мерзімінің өтелмей қалған бөлігі 30 ай болады. Сол сияқты, түлек жалпы мерзімі 3 жыл жұмыссыз ретінде есепте тұрса (үзіліспен/үзіліссіз), онда жұмыспен өтеу міндеті толық орындалған болып есептеледі.

Мемлекеттік грантты уақытында өтемесе не болады?

Бұл жағдайда студент өзінің оқуына мемлекет төлеген ақшаны толықтай қайтаруға міндеттеледі. Ережеге сәйкес, түлек оқу бітірген жылы 1 қыркүйектен бастап жұмыс істеуі керек. Тиісінше, грантты өтеу мерзімі осы уақыттан бастап есептеледі. Студент оқып жүріп жұмыс істесе, бұл уақыт грантты өтеу мерзімі болып саналмайды.

Грантты өтемеген жағдайда түлек оқу ақысын қайда қайтарады?

ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабының 17-4-тармағында: «Жұмысты өтеу жөніндегі міндетті орын-дамағаны үшін жас маман және философия докторы өзінің оқуына байланысты бюджет қаражаты есебінен шыққан шығыстарды білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы арқылы бюджетке өтеу міндетті» деп жазылған. Түлектер жұмысты өтеу жөніндегі міндеттерді орындамаса, оларды оқытуға кеткен шығын білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы – Қаржы орталығы арқылы бюджетке өтеледі.

Ауыл квотасы бойынша оқу бітірген түлек қалада жұмысты өтей алады ма?

Жоқ. Егер жас маман «Білім туралы» Заңның 47-бабының 17-тармағына сәйкес педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша ауылдық квотамен оқу бітірген болса, ол ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру/денсаулық сақтау ұйымдарында өтеуге міндетті.

Жұмыстан шығып, басқа жұмысқа орналасуға бола ма?

Жұмыс орны түлекке тағайындалған гранттың талаптарына сәйкес келетін болса, оған жұмыс орнын ауыстыруға болады, мұндай жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-ға тиісті құжаттарын ұсынуы қажет.

Қаржы орталығының сайт: <https://fincenter.kz/>

Электронды поштасы: fincenter@fincenter.kz

Телефондары: +7 (7172) 69-50-34, +7 (7172) 69-50-32, +7 (7172) 69-50-47, +7 (7172) 69-50-56

ТЕГІН ОҚУ ҚАЙДА БАР?..

Грант конкурсының нәтижесі 10 тамызға дейін жарияланады.

Биылғы жылғы шілденің 13-нен бастап мемлекеттік грант конкурсына өтініш қабылдау басталды. Биыл бакалавриатқа 79 мыңға жуық тілім беру гранты бөлінді. Өртүрлі санаттағы талапкерлерге арнайы квоталар бекітілді. Биыл су басқан өңірлер түлектеріне барлық гранттың 20 пайызы бөлінді.

Квота түрлері

I немесе II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен арасынан шыққан азаматтар үшін – 1%;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін – 0,5%;

ауыл квотасы – 35%;

Қандас квотасы – 4%;

жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, көмелетке толмаған дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар санатындағы азаматтар үшін – 1%;

үкімет айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққандар үшін – 5%;

көмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасыларыңыздағы балалар үшін – 5%;

кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін – 1%;

бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, I немесе II топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасыларыңыздағы балалар үшін – 1%.

сондай-ақ, биыл су басқан өңірлердің талапкерлеріне 20%.

Көпбалалы отбасы квотасы

Көмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасынан шыққан балалар квотасы 5%-ды құрайды. Яғни, жалпы мамандыққа бөлінген гранттың 5%-ы осы квотамен беріледі. Биылғы жылы «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша 13 735 грант бөлінген. Оның ішінде 687 грант немесе 5%-ы көпбалалы отбасынан шыққан балаларға арналған.

Квота шарттары:

талапкер 18 жасқа толмауы керек; отбасында көмелетке толмаған төрт бала, оның ішінде 23 жасқа толмаған күндізгі бөлімде оқитын ЖОО, немесе колледж студенті болу керек.

Мысалы, талапкердің өзі 18 жасқа толмаған + 1 бала 18 жасқа толмаған + 1 бала 18 жасқа толмаған күндізгі бөлімде оқитын ЖОО немесе колледж студенті.

Ауыл квотасы

Ауыл квотасы 35%-ды құрайды. Яғни, жалпы мамандыққа бөлінген гранттың 35%-ы ауыл квотасымен беріледі. Ауыл квотасы ауылдық әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша беріледі. Мысалы, педагогикалық, IT, ауыл шаруашылық, ветеринария, медициналық және басқа да мамандықтарға бөлінеді.

Ауыл квотасы үшін анықтама алудың қажеті жоқ. Ауылдық жерде орналасқан мектепті бітірген болса, ақпарат базада болады.

Қандас квотасы

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға арналған қандас квотасы 4%-ды құрайды. Яғни, жалпы бөлінген гранттың 4%-ы қандасқа беріледі. Мысалы, 2024 жылы «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша 13 735 грант бөлінген, оның ішінде 549 грант немесе 4%-ы қандасқа арналған. Бұл квота бойынша грант

конкурсына қатысу үшін қандастар ұлты (қазақ) көрсетілген шетел төлқұжатын ұсынады.

Атап өтсек, қандастар үшін грант конкурсына қатысуға ҰБТ-ның шекті балдары бекітілмеген.

Су басқан өңір түлектері

Су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің, яғни Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының түлектеріне негізгі ҰБТ-дан төмен балл жинаса, қаңтар немесе наурыз айларындағы ҰБТ-ның жоғары нәтижелерімен грант конкурсына қатыса алады. Осылайша, төрт тестілеудегі ең үздік ҰБТ нәтижесімен грант конкурсына қатыса аласыз.

Сондай-ақ, 2024 жылы жалпы грант санының 20%-ы, яғни 12 528 грант су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің талапкерлеріне бөлінеді. Еске сала кетсек, бұл аймақтан шыққан талапкерлер грант конкурсына құжаттарды 13-24 шілде аралығында тапсырады.

Сараланған гранттар

2024 жылы алғаш рет сараланған гранттар енгізілді. Сараланған гранттар бұл 50% оқу ақысы төленетін гранттар. 300 сараланған грант екі бағыт бойынша бөлінген:

«Педагогикалық ғылымдар» – 150 грант; «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» – 150 грант.

Бұл грант конкурстық негізде беріледі, яғни, талапкерлер грант конкурсына қатысу қажет. Ешқандай қосымша құжат қажет емес. Толық грант ұтып алмаған кезекте келесі болып тұрған талапкерлер сараланған грантты иелене алады.

«Серпін» бағдарламасы

«Серпін» жобасының басты мақсаты – еліміздің оңтүстік өңірлерінің жастарын кадр тапшылығын көріп отырған аймақтарда оқытып, білікті мамандар даярлау. Бағдарламаға мына аймақтардағы ауыл мектептерін бітірген түлектер қатыса алады:

Түркістан; Қызылорда; Жамбыл; Алматы; Жетісу облыстары.

Серпін гранттары мынадай облыстарда орналасқан ЖОО-ларға бөлінді:

Солтүстік Қазақстан; Ақмола; Шығыс Қазақстан; Абай; Павлодар; Ұлытау; Қарағанды; Қостанай облыстары.

Гранттар тек педагогикалық, IT және техникалық, ауыл шаруашылық мамандықтарына беріледі. Биыл «Серпін» бағдарламасына мемлекеттен 3 903 грант бөлініп отыр: Оның 2500-ден астамы педагогикалық бағытта; 700-ге жуығы инженерия, өңдеу және құрылыс саласына; 300-ге жуығы IT-ге; 70-ке жуық грант ауыл шаруашылығы және биоресурстар бағытына бөлінген.

Серпін жобасы бойынша грантқа түскен түлектер шәкіртақы алады және жатақханамен қамтамасыз етіледі. «Серпін» бағдарламасы түлектері үшін оқу аяқтаған соң грант өтеу мерзімі 3 жылдан 2 жылға қысқартылып, өтеу орны 11 аймаққа ұлғайтылды.

Конкурсқа қатысуға қажет құжаттар:

Грант конкурсына құжаттар 13-20 шілде аралығында, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының талапкерлері үшін 13-24 шілде аралығында қабылданады. Ол үшін мынадай құжаттарды тапсыру керек:

жеке куәлік; ҰБТ сертификаты; 3x4 фото; орта білім туралы аттестат (колледж түлектері үшін диплом); жеңілдетілген санат бойынша конкурсқа қатысу үшін растайтын құжаттар. жеңілдікпен түсетін талапкерлер қажет анықтамаларды құзыретті органдардан алады.

Құжаттарды жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары арқылы офлайн және eGov арқылы онлайн тапсыруға болады. Грант конкурсының нәтижесі 10 тамызға дейін жарияланады.

КІМ ҚАЛАЙ ТӨЛЕУГЕ МІНДЕТТІ?

2024 жылғы 01 мамырдағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің шамамен 96,5% мөлшері міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) уақытылы аудару есебінен қалыптасты.

БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен МЗЖ немесе өсімпұлды аудару кезінде БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеу жөніндегі агенттер ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде жүзеге асырылады. Осылайша, қызметкерге ЖЗШ ашу үшін БЖЗҚ-ға өз бетінше жүгінудің қажеті жоқ.

Әлеуметтік Кодексте БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және аударуды, олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетіндігі көзделген.

Агенттің МЗЖ аударуы

Әлеуметтік кодекстің нормаларына сәйкес, МЗЖ төлеу жөніндегі агент (агент) - Қазақстан Республикасындағы қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаны қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен МЗЖ есептейтін, ұстап қалатын (есепке жазатын) және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударатын жеке немесе заңды тұлға.

Бұл ретте агенттерге МЗЖ-ны БЖЗҚ-ға уақытылы есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және төлеуді төмендегі тұлғалардың табыстарынан жүзеге асыру міндеті жүктелген:

1) өзге де ақылы жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген), оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жұмыскерлер, адамдар;

2) нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын, салық агенттерімен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін адамдар.

Агенттер МЗЖ-ны «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына қолма-қол ақшасыз төлемдер арқылы аударыды, ол өз кезегінде МЗЖ-ны жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес БЖЗҚ-ға аударыды. Аударым деректемелерін enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» бөлімінен табуға болады.

МЗЖ-ны дербес төлеу

Әлеуметтік кодекстің нормаларына сәйкес БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуді мына тұлғалар дербес жүзеге асыра алады:

1) жеке кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа және фермер қожалығының басшылары,

олардың он сегіз жасқа толған мүшелері, сондай-ақ, өз пайдасына жеке практикамен айналысатын адамдар;

2) нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын, салық агенттерін болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар;

3) Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар.

Төлем жасаушылардың түріне қарай МЗЖ төлеудің егжей-тегжейлі тәртібі, мөлшерлемесі мен мерзімдері enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» бөлімінде көрсетілген.

Атап кетейік, Әлеуметтік кодекске сәйкес агент уақытылы ұстамаған (есептемеген) және (немесе) аудармаған МЗЖ сомаларын, егер олар нақты төленген және қызметкер табыс алған болса, Мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе агент МЗЖ салымшыларының пайдасына әрбір кешіктірілген күн (Мемлекеттік корпорацияға төлем күнін қосқанда) үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге аударуы тиіс.

БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден төмендегі адамдар босатылады:

1) Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнет жасына толған адамдар;

2) егер мүгедектік мерзімсіз уақытқа белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар босатылады. БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеу осы тармақшада көрсетілген адамдардың өтініші бойынша жүзеге асырылады;

3) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ, арнаулы атақтар, сыныптық шеңдер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар;

4) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан да тексере аласыз:

enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы,

көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы

БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, Twitter және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында алуға болады.

"Ақшамның асханасы"

БАЛ ҚАНТТЫ АУЫСТЫРА АЛАДЫ МА?

Біздің түсінігімізде қантқа қарағанда ағзаға бал пайдалы. Әдетте арықтағымыз келсе, немесе денсаулығымызды жақсартқымыз келсе, мәселен, диабет, семіздік жағдайларында қант орнына бал жейміз.

Алайда балда да семіздікке, диабетке көп жеуге болмайтын фруктоза мен глюкоза бар. Балдың 80 пайыздан астамы көміртегінен тұрады.

Қантты балға алмастырып, қандағы глюкоза денгейін нормаға келтіріп, арықтау мүмкін емес.

Балды да көп жесеңіз артық салмақ қосып, диабетті одан сайын күшейтесіз.

Әрине, косметологияда, медицинада өте пайдалы зат. Бірақ, оның құнарлығы жайлы ұмытпау керек.

Дені сау адам күніне 3 шай қасықтан артық бал жемеу керек.



КОРЕЙ ТАУЫҒЫ

2 адамға арналған.

Өте дәмді ас. Дайындауға көп уақыт кетпейді. Күрішпен, лапшамен жеуге болады. Бұрышын өз қалауыңызға орай салсаңыз болады.

Қажетті заттар:

200гр. тауықтың төс еті, 2 түйір қияр, жарты болгар бұрышы, 2 түйір чили бұрышы, 2 сабақ көк жуа, 2 ас қасық соя соусы, 1 ас қасық балық соусы, 2 шай қасық қоңыр қант, 2 тіс сарымсақ, 2 ас қасық қуыратын өсімдік майы, 1 ас қасық күнжіт майы, жарты шай қасық тұз.

Дайындалуы:

Тауықтың төс етін тілікше етіп тураймыз. Маринад жасаймыз. Соя соусын, балық соусын, күнжіт майын, дөңгелекшелеп туралған чили бұрышын, пресстен өткен сарымсақ бәрін араластырамыз. Қант қосып, тауық етін маринадтаймыз. Ұзақ қуыдың қажеті жоқ.

Басқа да қажетті заттарды даярлап аламыз. Қиярды жуып, құрғатып, ортасынан екіге бөліп тураймыз. Ортасындағы тұқылын қасықпен алып тастаймыз. Тұз сеуіп, шамалы уақытқа қойып қоямыз.

Болгар бұрышын тілікшелеп тураймыз, көк жуаны ірілеу дөңгелекшелеп тураймыз.

Табаға өсімдік майын құйып қыздырамыз. Тауықты маринадымен қоса саламыз. Қатты отта 5 минут қуырамыз. Тәрелкеге салып аламыз. Табаға тағы да май құйып болгар бұрышын 3 минут қуырамыз. Қиярды ақырындап сығып, суынан ажыратамыз. Сосын бұрышқа қосып, 2 минут қуырамыз. Табаға тауықты, көк жуаны саламыз. Тағы да 2-3 минут қуырамыз. Өзір асқа гарнир ретінде күріш, немесе лапшаны пайдалануға болады.



КӘУАПТАН ҚАТЕР БАР МА?

Күн ысыған сайын ел үйде отырғысы келмейді. Қалтасы көтерсе, уақыты болса мүмкіндігіне қарай табиғатқа шыққанды, сыртта демалғанды ұнатады.

Қазір су бассейні бар демалыс орындарында, сондай-ақ басқа да суға түсуге болатын орындарда, тіпті рұхсат етілмесе де бос орын жоқ. Жұрттың бәрі сонда. Бәрі де кәуапқа тапсырыс береді.

Диетологтардың пікірінше күннің ыстығында қызыл ет жеген, онда да кәуап пісіріп жегеннің ағзаға пайдасы жоқ. Әсіресе жүрек – қан тамырлары ауруы болуы мүмкін 35 жастан асқандар үшін өте зиянды.

Негізі жаздың ыстық күнінде ет орнына диеталық тағамдар жеген дұрыс. Мәселен, балықтан, құс етінен де кәуап пісіруге болады. Көкөніс пен жеміс-жидектің көп кезеңінде тағамға қосатын ет мөлшерін азайтуға болады.



БАЗИЛИК ЛИМОНАДЫ



Базилик - жаздың өсімдігі. Оны салаттарға қосамыз. Сондай-ақ одан сіңімді лимонад дайындауға болатынын көбіміз біле бермейміз.

Бұл лимонадтың адамды сергітіп, әрі тыныштандыратын қасиеті бар. Сонымен қатар имунитетті көтеріп, ұзақ жасауға да көмектеседі екен.

Қажетті заттар: 2 бума күлгін түсті базилик, 1,2-1,5 литр су, 4 ас қасық қант, 3 ас қасық лимон шырыны.

Дайындау әдісі: Алдымен суды шәйнекте қайнатып аламыз. Базилик жапырақтарын ажыратамыз. Бұталары да пайдаға жарайды. Терең ыдысқа салынған базилик жапырақтары мен бұталары үстінен су құйып, 30 минут тұндырамыз. Бірте-бірте судың түсі өзгеріп, қоңыр күлгін түске айналады. Сол кездері суды сүзгіден өткізіп, базиликтің жапырақтарын, бұталарын алып тастаймыз. Қант, бал, лимон шырынын қосып, тағы тұндырып қоямыз.

Бұл суынан салқиндатып лимонад түрінде, немесе ыстықтай шай етіп те ішуге болады.

ХАШЛАМА

Бұл тағам грузиндердің де, армяндардың да асханасына тән. Бірыңғай қою тамаққа да, сорпа тамаққа да жатпайды. Қалауыңызға қарай су құймай, қою етіп, немесе су құйып сұйық етіп жасасаңыз да болады.

Көкөністер арасында бұқтырылған ет жұмсақ, әрі хош иіс сіңген дәмді болады. Еттің майлы болғаны тіпті жақсы. Көкөністерді қанша қосамын десеңізде шек жоқ.



Қажетті заттар: Төс ет 1 келі, 6 бас жуа, 2 болгар бұрышы, 1 бас сарымсақ, дәмдіне қарай айва, 10 картоп, 8 қызанақ, жарты буым кинза, 1 буым балдыркөк, дәмдіне қарай базилик.

Дайындалуы: Негізі төс ет жақсы, жалпы еттің жаманы жоқ. Тек майлы, сүйекті болғаны ләзім. Қызанақтарды дөңгелекшелеп тураймыз. Бұл тағамға қызанақ көптік етпейді. Көп болғаны жақсы, сондай-ақ туралған кезде шырыны шықса төкпеу керек. Шырынын қоса пайдалансаңыз тіпті керемет!

Болгар бұрышын тілікше етіп тураймыз. Егер жуа ірілеу болса жарты дөңгелек етіп, жалпы жуаны дөңгелекшелеп тураймыз. Балдыркөк, кинза, базилик сияқты тағы да басқа дәмдеуіштерімізді де ұсақтап тураймыз. Кептірілгені онша дәмді бола бермейді. Балғыны дұрыс. Етті ірілеп тураймыз.

Шұңғыл ыдысқа алдымен бір қабат қызанақ саламыз. Содан соң жуа, сосын болгар бұрышын, сосын дәмдеуіштер.

Етті тұздап, бұрыштап, араластырамыз. Сосын әлгі көкөністердің үстіне етті, оның үстіне сарымсақ саламыз. Содан соң әлгі көкөніс қабаттарымызды керісінше қайталаймыз. Дәмдеуіштер, бұрыш, жуа, ең соңынан қызанақ. Қызанақ шырынын құйып жіберіңіз. Тіпті 1 стакан ақ түсті сыра құйсаңыз тіпті жақсы. Алдымен сөл бөлінгенше баяу отқа қоямыз. Содан соң отты көбейтіп, қайнатамыз. Қайтадан баяу отқа қоямыз. Бас-аяғы 1,5-2 сағатта дәмді хашлама дайын.

Сорпалы болсын десеңіз хашлама 40 минут отта тұрғаннан кейін су қоссаңыз болады.

Ішуге жақындалы дегенде айва менен картоп салуды ұмытпаңыз. Айва хашламаға ерекше дәм береді.

ДУХОВКІДЕГІ ТАУЫҚ АЯҒЫ

2 адамға арналған.

Қажетті заттар: Тауық аяғы 600гр., кефир 250гр., жұмыртқа 1 түйір, 65 гр. бидай ұны, 45 гр. жүгері үлпіршегі (хлопья), 6 гр. паприка, 2 ұнтақталған сарымсақ, 1гр. ұнтақталған қыша, 1гр. ақ бұрыш, 5 гр. тұз, татымына қарай өсімдік майы.

Дайындалуы: Шұңғыл ыдыста кефир мен жұмыртқаны араластырамыз. Бірыңғай қоймалжыңға айналған сон тауық аяғын осыған саламыз. Қоймалжын тауық аяғын тұтастай жабу керек. Содан соң 1 сағатқа холодильникке қоямыз, бір түн қойса тіпті жақсы. Екінші ыдысқа бидай ұнын, паприка, сарымсақ ұнтағын, майдаланған жуа, құрғақ қыша ұнтағын, бұрыштарды, тұзды қосып араластырамыз.

Жүгері үлпіршегін пакетке салып, сыртынан ұрғылап өбден үгітеміз. Үгітілген соң оны басқа ыдысқа саламыз.

Холодильниктегі маринадталған тауық етін ұн қоймалжыңына аунатып аламыз, содан соң қайтадан кефир мен жұмыртқа қоймалжыңына аунатып аламыз. Содан соң үгітілген жүгері үлпіршегіне аунатамыз. Үлпіршектер тауық аяғына барынша жабысуы қажет.

Духовкіні 200° С-қа дейін қыздырамыз. Таба астына ас пісіруге арналған қағаз төсеп, аздап өсімдік майын жағамыз. Тауық аяқтарын табаға саламыз. Тауық аяғының терісі өдемі



қызаруы үшін үстінен жәймендеп өсімдік майын себелейміз. Содан соң аяқтарды қызып тұрған духовкіде 35-40 минут пісіреміз. Арасында аяқтардың екі жағы бірдей пісуі үшін аударыстырып қойсақ та болады.

Піскен сон духовкіден алып, суытамыз.

БАЛМҰЗДАҚТЫҢ ЖАҚСЫСЫ ҚАЙСЫ?

Жаз бойы балмұздақтың "жауымыз".

Алайда, кейбірі семіздікке әкеледі деп шошынып жатамыз. Кейбірі асқазанға жақпай жағайды.

Бүгінде дүкен мұздатқыштарында балмұздақтың түр-түрі бар. Түрлі-түрлі қоспамен. Біреуін жесен түскі, немесе кешкі ас жеп қажеті жоқ.

Ал, енді балмұздақтың жеуге қайсысы жақсы дегенде диетологтар құрамында қант пен майдан басқа Е қоспалары барлардан да қашық болған дұрыс дейді. Мәселен Е476 дегеніміз – соя лецитині, Е407 дегеніміз де зиянды, Е150 – бояғыш, Е270 пен Е331 дегендеріміз қышқылды реттегіштер, Е904 дегеніміз де осылар сияқты ағзаға пайдасы жоқ қоспалар екен.

Әрине мұның бәрін жаттап жүру мүмкін емес, алайда балмұздақ құрамын қарағанда Е үшеуден артық болса, оны жемеген дұрыс.

Негізі пайдалы балмұздақ құрамында алғашқы кезекте кілегей менен сүт көрсетіледі екен.



КЕФИР АРЫҚТАТАДЫ?

Арықтағысы келетіндердің азығы кефир да солай. Ол тек арықтау үшін ғана емес, Диетологтардың айтуынша арықтау үшін де пайдалы.



Кефирдің құнары аз, алайда құрамында белок көп. Адам өз-өзін тоқ санап көп тамақ іше бермейді.

Арықтау үшін, немесе денсаулықты нығайту үшін күніне 1-2 стакан кефир жеткілікті. Алайда, ағарған жақпайтын жандар да бар. Олардың асқазан, ішек құрылыстарында проблема болады. Содан да көп адам кефир іше бермейді. Дегенменен ғалымдар лактоза жақпайтын жағдайдан құтылу жолын тауыпты.

Негізілактозаныкөтереалмайтындар көп кездеседі. Дегенменен оған ағзаны үйретуге болады.

Нутрициологтар пікірінше лактозаның жақпайтын дұрыс тамақтанбаудың салдары. Сүт пен сүт өнімдерін қорытатын ферменттер ағзада тұрақты болмау себебінен кейбіреулер ағарған іше іші ауырады. Егер де ұзақ уақыт бойы табиғи тағамдар жемей, қайта өңделген заттармен тамақтанғандықтан да ақ ішке жақпайды. Ағзаға аққа үйренісуге уақыт беру керек. Мәселен ағарған ішкен 2-3 күннен кейін іш ауруы басылады. Ағза ағарғанды қабылдай бастайды.